Project topics should be connected with real life; it increases the topicality and motivation of students, making learning more relevant and impactful. Pazmino's study on creating a magnetic safe box illustrates how project-based learning can enhance students' problem-solving skills by engaging them in practical applications of scientific concepts [12]. This principle is crucial for helping students understand the significance of their learning in broader contexts.

4. Reflection and assessment.

A critical component of project-research based activities is the emphasis on reflection and assessment. Students should be encouraged to reflect on their learning experiences and the processes they engaged in during their projects. Fernández-Cabezas discusses the importance of continuous assessment and feedback in project-based learning, which helps students evaluate their performance and that of their peers [13]. This reflective practice is essential for fostering a growth mindset and enhancing learning outcomes.

In summary, the principles of project-research based activities encompass student-centered learning, collaboration, integration of technology, real-world relevance, reflection, and an interdisciplinary approach. These principles collectively contribute to creating an engaging and effective learning environment that fosters critical thinking and creativity among students.

Results and discussion

According to the results of the survey it is clearly seen that only 11% of students are constantly involved in projects and research. 9% often, 12% rarely, and 78% never do that.




Figure 1 – Participation of students in startup competitions

Figure 1 shows that students have desire to participate in startup projects. They need support during the whole process. There are some students to work with, who do not have motivation.

Positive fact is students know the kinds and names of competitions conducted at university and in the city.




Figure 2 – Problems students encounter during project-research based activities

Figure 2 exhibits that students face with organization challenges of the activity. If 29% of students are away from research whereas 42% do not know the algorithm of project work. Nowadays, students at our university do not write diploma work, but there are Master's and PhD degrees which require thesis writing. Obviously, without published articles students cannot defense their theses.

Notwithstanding the cash prize for startup competition winners, the number of demotivated students predominates.

For this reason, we discovered that students need mobile application for learning how to do project and research. And suggest the interface of app ProResearchLab.

ProResearchLab is a place for obtaining necessary skills, increasing IGPA, inter-regional and national collaboration because of joined startup projects.

It consists of five main components:

- Articles;
- Projects;
- Research;
- Scientific activities;
- Life hacks.

Pressing on each of these tabs leads to other tabs. For example, “Article” takes you to IMRAD structure of the article, and every part is explained to write the successful article. Types and definitions of scientific methods are done; you can go directly to the homepages of the scientific journals with the help of provided links to their websites.

“Scientific activities” means project competitions like, for instance, “Jas Galym”, conferences, and regional scientific competitions for students. This tab provides with downloaded regulations of the competitions, and submission of applications.

Of course, every component has got assignments and feedback.

Conclusion

Project-research based activities of students are an important tool for developing students' key competencies, their motivation and interest in learning. This approach allows creating conditions for a deep understanding of the material, developing self-confidence and broadening children's horizons. Implementing projects helps students understand the importance of cooperation, learn to better organize their time and focus on results. In addition, project-research based activities contribute to the formation of such qualities as responsibility, determination and the ability to work with information. It is important to note that the success of project work largely depends on the teacher's willingness to be flexible and find an individual approach to each student. The use of modern technologies and tools, such as online resources, presentation programs and collaboration platforms, makes the learning process more exciting and interactive. The teacher,

supporting the initiative and creativity of children, forms a positive attitude towards learning that remains with them throughout their lives. In the future, project-research based research activities can become an integral part of the educational process, helping to prepare students for the challenges of the modern world. The success of this integration requires close cooperation between teachers, parents and educational institutions to ensure maximum benefit from the implementation of project-research based learning methods. Thus, project-research based research activities not only develop students' cognitive and personal qualities, but also strengthen their motivation for learning, opening the door to further achievements in education and life.

REFERENCES:

1. M. Brausch-Böger and M. Förster, "The effects of an entrepreneurial project on the career-choice readiness, metacognition, and growth mindset of secondary students", *Education Sciences*, vol. 14, no. 5, p. 485, 2024. <https://doi.org/10.3390/educsci14050485>
2. J. Salgado-Guerrero, I. Carmenado, & M. González, "Management of entrepreneurship projects from project-based learning: coworking startups project at universidad politécnica salesiana (salesian polytechnic university), ecuador", *Case Study of Innovative Projects - Successful Real Cases*, 2017. <https://doi.org/10.5772/intechopen.68492>
3. L. Metcalf, T. Katona, & J. York, "University startup accelerators: startup launchpads or vehicles for entrepreneurial learning?", *Entrepreneurship Education and Pedagogy*, vol. 4, no. 4, p. 666-701, 2020. <https://doi.org/10.1177/2515127420931753>
4. R. Chanin, A. Sales, A. Santos, L. Pompermaier, & R. Prikladnicki, "A collaborative approach to teaching software startups", *Proceedings of the 11th International Workshop on Cooperative and Human Aspects of Software Engineering*, 2018. <https://doi.org/10.1145/3195836.3195844>
5. O. Cico, "The impact of it bootcamp on student learning - experience from ict enabled experiential-based course", *Lecture Notes in Business Information Processing*, p. 430-435, 2019. https://doi.org/10.1007/978-3-030-33742-1_37
6. T. Shenkoya, K. Hwang, & E. Sung, "Student startup: understanding the role of the university in making startups profitable through university—industry collaboration", *Sage Open*, vol. 13, no. 3, 2023. <https://doi.org/10.1177/21582440231198601>
7. A. Muscio, S. Shibayama, & L. Ramaciotti, "Universities and start-up creation by ph.d. graduates: the role of scientific and social capital of academic laboratories", *The Journal of Technology Transfer*, vol. 47, no. 1, p. 147-175, 2021. <https://doi.org/10.1007/s10961-020-09841-2>
8. M. Mamujaja, J. Rawis, J. Lengkong, & V. Rotty, "The role of m-learning in project-based learning models in elementary schools", *International Journal of Information Technology and Education*, vol. 2, no. 3, p. 118-132, 2023. <https://doi.org/10.62711/ijite.v2i3.131>
9. C. Zhou, "Learning engineering knowledge and creativity by solving projects", *International Journal of Engineering Pedagogy (iJEP)*, vol. 2, no. 1, p. 26, 2012. <https://doi.org/10.3991/ijep.v2i1.1873>
10. M. Genç, "The project-based learning approach in environmental education", *International Research in Geographical and Environmental Education*, vol. 24, no. 2, p. 105-117, 2014. <https://doi.org/10.1080/10382046.2014.993169>
11. Y. Hu, "The implementation of project-based learning in chinese basic education: challenges and recommendations", *Science Insights Education Frontiers*, vol. 21, no. 1, p. 3363-3374, 2024. <https://doi.org/10.15354/sief.24.re349>
12. A. Pazmino, J. Mosquera, J. Roblero, A. Romero-Vera, & E. Gutiérrez, "Impact on students' problem-solving skills by making a magnetic safe box", *Physics Education*, vol. 58, no. 5, p. 055016, 2023. <https://doi.org/10.1088/1361-6552/ace57b>
13. M. Fernández-Cabezas, "Aprendizaje basado en proyectos en el ámbito universitario: una experiencia de innovación metodológica en educación", *International Journal of Developmental and Educational Psychology. Revista INFAD De Psicología.*, vol. 2, no. 1, p. 269, 2017. <https://doi.org/10.17060/ijodaep.2017.n1.v2.939>

СТАРТАП СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖОБАЛАУ-ЗЕРТТЕУ ҚЫЗМЕТІН ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Есимбекова А., Жакипбекова С., Петкова И.

*І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ
Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы*

София университеті «Ст. Климент Орхидски», Болгария, София

**e-mail: assylsoul@mail.ru*

Мақалада оқыту мен оқудың тиімді тұрғысы ретінде жобалау-зерттеу қызметінің маңыздылығы қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – студенттердің жобалау-зерттеу қызметінің әлсіздігін, себептерін анықтау және осы жағдайдан шығу жолдарын ұсыну. Мақалада, сонымен қатар, студенттердің стартап жобаларға қатысуы арқылы жобалау-зерттеу дамыту процесі көрсетілген. Стартап жобаларды жүзеге асыру кезеңдері талданды. Диагностикалық зерттеу студенттердің көпшілігінің жобалау-зерттеу қызметінің негіздерін білмейтінін көрсетті. Дегенмен, олардың көпшілігі стартап жобалар байқауларына қатысқысы келеді. Анықталған тағы бір мәселе – студенттерді үнемі мотивациялау. Зерттеу нәтижесінде студенттердің жобалау-зерттеу қызметін дамытуға арналған мобильді қосымшаның интерфейсі ұсынылған. Оны құру үшін «Дизайн-ойлау» әдісі қолданылды. Білім беру үдерісіне стартап жобаларды енгізу қажеттілігі дәлелденді.

Кілт сөздер: *стартап, жобалау және зерттеу қызметі, кәсіпкерлік дағдылар, шығармашылық ойлау, интеграция.*

СТАРТАП КАК ИНСТРУМЕНТ РАЗВИТИЯ ПРОЕКТНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ СТУДЕНТОВ

Есимбекова А., Жакипбекова С., Петкова И.

*Жетысуский университет им. И. Жанугурова, Республика Казахстан, г. Талдықорған
Казахский национальный педагогический университет им. Абая, Республика Казахстан,
г. Алматы*

Софийский университет «Святой Климент Орхидский», Болгария, г. София

**e-mail: assylsoul@mail.ru*

В статье рассматривается важность проектно-исследовательской деятельности как эффективного подхода к преподаванию и обучению. Целью исследования является определение причины слабой проектно-исследовательской деятельности студентов и предложение путей выхода из этой ситуации. В статье также показан процесс развития проектно-исследовательской деятельности студентов путем их участия в стартап-проектах. Проанализированы этапы реализации стартап-проектов. Диагностическое исследование показало, что большинство студентов не знают основ проектно-исследовательской деятельности. Однако многие из них хотят участвовать в конкурсах стартап-проектов. Другая обнаруженная проблема – поддержка мотивации. В результате исследования представлен интерфейс мобильного приложения для развития проектно-исследовательской деятельности студентов. Для его создания использован метод Design-Thinking. Обоснована необходимость интеграции стартап-проектов в образовательный процесс.

Ключевые слова: *стартап, проектно-исследовательская деятельность, предпринимательские навыки, творческое мышление, интеграция.*

**ЦИФРЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ХИМИЯДАН
СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІ**

Бакажанова А.К.*  , Сагимбаева А.Е. 

*Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақстан Республикасы,
Алматы қ.*

**e-mail: aikar1416@mail.ru*

Бұл мақалада білім беру жүйесінің заманауи цифрлық технологияларды қолданудың ерекшеліктері мен өзекті мәселелері қарастырылып, қашықтықтан оқыту білім беру процесінің ажырамас бөлігіне айналғанын көрсетеді. Ақпаратты қабылдау, өңдеу және тарату жылдамдығымен байланысты цифрлық технологиялардың сөзсіз артықшылықтары айқын. Заманауи электронды компьютерлер, гаджеттер және басқа да цифрлық технологиялар адам жұмысын мыңдаған есе жылдамдатуға мүмкіндік береді. Мақалада химия мамандығында студенттерге оқытылатын бейорганикалық химияны оқытуда білім беру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған өзіндік жұмыстар жайында айтылған. Бұл өзіндік жұмыс кезіңдеріне: бейорганикалық химиядан жаңа материалды оқу кезіндегі студенттердің өзіндік жұмыс; білім мен дағдыларды жетілдіру және қолдану кезіндегі студенттердің өзіндік жұмыс; алған білім мен дағдыларды бақылау және бағалау кезіндегі студенттердің өзіндік жұмыс деп бөлінген. Сонымен қатар мақалада студенттерге жүргізілген сауалнама жайында, яғни бір мезгілде студенттер электронды байланыс арқылы өзіндік жұмысқа тартылу деңгейіне қарай сараланғаны туралы баяндалған. Авторлар білім беру форматын жақсарту жағдайында студенттердің өзіндік жұмысы ерекше назар аударуды қажет деген тұжырым жасайды.

Кілт сөздер: цифрлық технологиялар, заманауи білім, қашықтықтан оқыту, инновация, жаһандану, өзіндік жұмыс, оқыту, ресурстар.

Кіріспе

Заманауи маман заманауи ақпараттық технологияларды жетік меңгеріп қана қоймай, коммуникативтік дағдыларды меңгеріп, алған білімін инновациялық технологияға айналдыра білуі керек, сонымен қатар білімді өз бетінше меңгеріп, біліктілігін арттыруға дағдылануы қажет. Қазіргі уақытта тек ғылыми қоғамдастық, саясаткерлер, экономистер, цифрлық технология мамандары ғана емес, сонымен қатар бүкіл қоғам цифрлық технологиялардың дамуын жіті бақылауда [1]. Олар қарқынды дамып, ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастардың принциптерін айтарлықтай өзгертуде. Студенттерде саналы, жүйеленген, мақсатты және белсенді өз бетінше танымдық әрекетті дамыту қажет. Бұл студенттердің іс-әрекетін жоспарлаудың, ұйымдастырудың және бақылаудың ғылыми негізделген жүйесін құру кезінде ғана мүмкін болады, мұнда өзіндік жұмыстарға ерекше назар аударылатын болады.

Цифрлық технологиялар заманауи білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып, оқыту әдістерін түбегейлі өзгертті. Білім беру мекемелері мен студенттер үшін электронды ресурстардың, бағдарламалық жасақтамалардың және онлайн-платформалардың маңыздылығы күн сайын артып келеді. Бұл үрдіс оқытудың тиімділігін арттырумен қатар, студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру мен бақылауды жетілдіруді талап етеді.

Қазіргі уақытта цифрлық технологияларды тиімді пайдалану студенттердің білім алуға деген қызығушылығын арттыруға және олардың танымдық қабілеттерін дамытуға

ықпал етеді. Зерттеу тақырыбының өзектілігі цифрландыру дәуіріндегі жаңа педагогикалық тәсілдерді енгізу қажеттілігінен туындайды. Жұмыстың мақсаты – цифрлық технологияларды қолдану арқылы химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру тиімділігін анықтау.

Бұл зерттеу педагогикалық университеттердің химия мамандығы бойынша білім алушыларға арналған және бейорганикалық химияны оқытуда цифрлық технологияларды енгізудің тиімділігін бағалауға бағытталған. Жұмыс нәтижелері теориялық тұрғыдан маңызды болып қана қоймай, практикалық қолдануға да мүмкіндік береді, әсіресе студенттердің оқуға деген белсенділігін арттыруда маңызды рөл атқарады.

Білім беру жүйесінде қолданылатын әртүрлі құралдар жиынтығы оқыту процесінде ынталандырудың басым болуымен үйлесімді, тиімді оқытуды едәуір жеңілдетеді және қолдайды. Демек, білім беру мекемелерін ықпалдастыру, әсіресе технологиялардың жаппай таралу дәуірінде, әртүрлі веб-құралдарды дайындауды талап етеді [2].

Өзіндік жұмысты педагогикалық университетте бейорганикалық химияны оқытын студенттердің сапасын қамтамасыз ету құралы ретінде қарастырамыз. Өзіндік жұмыс деп өз бетінше білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу және өзін-өзі дамыту мәселелерін сапалы шешуге бағытталған белсенді оқу әрекеті.

Студенттердің кешенді өзіндік жұмысының жүйесі педагогикалық университетте химия мамандығында бейорганикалық химия пәні оқытылатын студенттердің қажетті білім сапасын бақылауды қамтамасыз ете алады. Кешенді өзіндік жұмыс-химиялық білім беру сапасын ету мақсатында оқу құралдарының кешенін (қағидалары, мазмұны, әдістері, формалары, технологиялары және т.б.) өз бетінше пайдалануды көздейтін жұмыс.

Студенттердің өзіндік жұмысының негізгі мақсаты – бейорганикалық химияны оқытуда студенттердің химиялық-педагогикалық біліктіліктерін қалыптастыру үшін білімді сапалы меңгеруді қамтамасыз ету [3].

Бейорганикалық химия пәні бойынша өзіндік жұмыс мазмұнының құрылымында салыстырмалы түрде тәуелсіз үш блокты бөліп алуға болады: заттың құрылысы туралы ілім, химиялық процестер теориясы және элементтер химиясы.

Ұсынып отырған студенттердің кешенді өзіндік жұмысы көп сатылы жүйе. Сонымен дидактикалық мақсатқа байланысты бейорганикалық химиядан өзіндік жұмыс келесі кезеңдерді қамтиды: бейорганикалық химиядан жаңа материалды оқу кезіндегі студенттердің өзіндік жұмысы; білім мен дағдыларды жетілдіру және қолдану кезіндегі студенттердің өзіндік жұмысы; алған білім мен дағдыларды бақылау және бағалау кезіндегі студенттердің өзіндік жұмысы.

Студенттердің іс-әрекет сипатына байланысты сәйкес келетін өзіндік жұмыс түрлері /кезеңдері/: көшіру, эвристикалық және зерттеу.

Бейорганикалық химияны оқытуда оқу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерін жүзеге асырумен байланысты білім беру дағдыларын қалыптастыруға бағытталған өзіндік жұмыстарға ерекше назар аудара отырып, барлық формаларды студенттердің оқу сапасын қамтамасыз ету үшін қолдану қажет [4].

Бейорганикалық химия пәнінен студенттердің өзіндік жұмыс түрлеріне «VIIA топ элементтері. Сутегі. Галогендер.» тақырыбын мысалға отырып қарастыра.

1. Жаңа материалды меңгеру кезіндегі студенттердің кешенді өзіндік жұмысы

Өзіндік жұмысты көшіру - теориялық материалды өз бетінше алгоритм арқылы меңгеру; дәрістерге, семинарларға, практикалық және зертханалық сабақтарға өз бетімен дайындалу; зертханалық сабақтың практикалық бөлімін оқытушының нұсқауымен белгілі әдіспен өз бетінше орындау. Жаңа материалды оқу кезінде өзіндік жұмысты көшіру түріндегі тапсырмаларды орындау арқылы жүзеге асады. Мысалы: ұсынылған жоспар- алгоритмге сәйкес сүйене отырып, «Йод және оның қосылыстары» тақырыбын өз бетінше оқу.

Эвристикалық өзіндік жұмыс теориялық материалды өз бетінше меңгеруді, онда негізгі ойларды, ережелерді бөліп көрсетуді қамтиды; өз бетінше іздену, қажетті әдебиеттерді жазып

алу; каталогтармен өзіндік жұмыс, библиография құрастыру. Мысал ретінде «Галогендердің қосылыстары» теориялық материалды өз бетінше оқуды келтіруге болады.

Өзіндік зерттеу жұмысы: дәрістер мен семинар сабақтарында қарастырылмаған теориялық материалдарды өз бетінше меңгеру; өз бетінше хабарламалар, баяндалар, рефераттар дайындау. Мысалы: «Метал галогенидтері», «Галогендердің ашылу тарихы», «Табиғаттағы галогендер», «Галогендердің адам өміріндегі маңызы».

2. *Білім мен білік дағдыларын жетілдіру және қолдану барысындағы студенттердің кешенді өзіндік жұмыстары*

Өзіндік көшіру жұмысы репродуктивті сипаттағы бақылау сұрақтарымен өзіндік жұмыс түрінде жүзеге асырылады; үлгі бойынша есептер міндетін шешу. Репродуктивті сипаттағы бақылау сұрақтарына мысал келтірейік.

1) Галогендер мен олардың қосылыстарының табиғи көздері қандай?

2) Галогендердің бір-бірімен мүмкін болатын реакцияларына мысал келтіріңіз. Реакция өнімдеріндегі галогендердің тотығу дәрежесін көрсетіңіз?

3) Галогендердің негізгі қолданылу салаларын атаңыз?

Эвристикалық өзіндік жұмыс ізденіс сипаттағы бақылау сұрақтары мен есептер міндетін шешу, мысалы:

1. Галоген атомдарына салыстырмалы сипаттама беріңіз: а) алғашқа иондану потенциалдарының өзгеру сипатын; б) электронның энергияға өзгерісін;

2. Неліктен оксогалоидты қышқылдардың көпшілігі тұрақсыз заттар, ал олардың тұздары айтарлықтай тұрақты?

3. Ауадағы хлордың шекті рұқсат етілген концентрациясы 0,001 мг/л. Көлемі 60м³ бөлмедегі хлордың қандай көлемі адам өміріне қауіпсіз болады?

Өзіндік зерттеу жұмысы – өзіндік ғылыми-зерттеу және шығармашылық тапсырмаларды беру; жеке, шығармашылық жұмыстарды өз бетінше орындау (тапсырмалар, графиктер, диаграммалар, кестелер сызу, модельдер құрастыру және т.б.).

Зерттеудің міндеттері: галогендердің қасиеттерінің реттік нөмірге тәуелділік диаграммасын өз бетінше құрастыру, галогендердің салыстырмалы сипаттамаларының кестелері, йод кристалдық торының модерін құру және т.б.

3. *Білім мен дағдыны бақылау және бағалау процесінде студенттердің кешенді өзіндік жұмысы көшіру, эвристикалық және зерттеу жұмыстарын қамтиды.*

Студенттердің кешенді өзіндік жұмысының әдістемесі студенттердің сабақтан тыс өзіндік жұмыстарын бағалауға өте ыңғайлы, студенттерді дайындық деңгейі бойынша саралап, белсенділікті ынталандыруға қолайлы мүмкіндіктер туғыза отырып, оқу сапасын арттыруға көмектеседі. Тапсырмалар түріне сәйкес бақылау және сынақ жұмыстарын орындайды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің Жаратылыстану және география институтының базасында жүргізілді. Химия мамандығы бойынша төрт топтың студенттері қатыстырылды. (Жалпы таңдау 63 адам)

Ең алдымен, студенттердің өзіндік жұмысын жасау және тиімділігін тексеру бойынша эксперименттік зерттеудің кезеңдері анықталды.

1) Анықтау кезеңі студенттердің көрсетілген іс-әрекетке қатысу дәрежесін анықтауды қамтиды.

2) Электронды білім беру ресурстарын пайдалана отырып, студенттердің өзіндік жұмысын енгізудің қалыптастыру кезеңі;

3) Студенттердің өзіндік жұмысының тиімділігін анықтайтын бақылау кезеңі.

Негізгі бөлігі

Цифрлық технологиялардың артықшылықтары білім беру үдерісін жеделдету, ақпаратты қабылдауды жеңілдету және студенттердің танымдық белсенділігін арттыру

болып табылады. Бұл артықшылықтар білім беру процесінде заманауи әдістер мен құралдарды пайдаланудың маңыздылығын көрсетеді. Өзіндік жұмыс түрлері студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Олардың ішінде көшіру, эвристикалық жұмыстар және зерттеу жұмыстары ерекшеленеді.

Көшіру түріне дәрістерді қайта қарау, зертханалық тапсырмаларды орындау сияқты әрекеттер жатады. Бұл студенттерге материалды қайталап, оны тереңірек түсінуге көмектеседі. Эвристикалық жұмыстар теориялық материалдар бойынша ізденіс тапсырмаларын орындауға негізделген, осылайша білім алушылардың аналитикалық ойлау қабілеті дамиды. Зерттеу жұмыстары реферат жазу, модельдер құру, тәжірибелер жүргізу сияқты шығармашылық белсенділікті қажет ететін тапсырмаларды қамтиды.

Кеңейтілген мысал ретінде "VIIA топ элементтері" тақырыбында ұйымдастырылған өзіндік жұмыстарды атап өтуге болады. Студенттерге ұсынылған тапсырмалар олардың дербес ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Бұл тапсырмалар студенттердің ғылыми ақпаратты іздеу, өңдеу және талдау дағдыларын қалыптастыруға ықпал етті. Сонымен қатар, осы жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың өзін-өзі дамытуға ұмтылысын күшейтті. Цифрлық симуляциялар мен интерактивті құралдарды пайдалану осы процестің тиімділігін одан әрі арттырды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Сауалнама цифрлық білім беру ресурстарымен, соның ішінде қашықтықтан оқытумен жұмыс істеу кезінде негізгі мәселелерді тұжырымдауға мүмкіндік береді. Өз бетінше жұмыс істеу дағдысы адамда өмір бойы қалыптасады. Тәжірибеде әрбір оқытушы өзіндік жұмысты тексеру түрлерін, формаларын және әдістерін өз бетінше жоспарлайды.

Студенттің өзіндік жұмысы мейлінше нәтижелі болу үшін әртүрлі оқу міндеттерін шешуге арналған тұрақты белсенділік дағдыларын меңгеруі қажет. Мысалы: түрлі нұсқадағы тесттер, бақылау сұрақтары, есептер мен жаттығулар.

Сауалнамамен бір мезгілде студенттер электронды байланыс арқылы өзіндік жұмысқа тартылу деңгейіне қарай сараланды.

Оқытушы әр студентті оқу пәні аясында бағалады. Әр студентке мына формула бойынша қорытынды балл қойылды.

$$P = 1,2m_1 + m_2 + 0,8m_3 + 0,6m_4 + 0,4m_5 + 0,2m_6 + 0m_7 \quad (1)$$

Мұндағы $m_1 - m_7$ - студенттердің өзіндік жұмыстарының деңгейлерінің саны: ең жоғары, өте жоғары, жоғары..., төмен.

Деңгейді анықтау кезінде тапсырмаларды орындау кезіндегі дербестік дәрежесі, олардың орындалу сапасы, өзіндік жұмыстың рефлексиялық деңгейі, ондағы ақпараттық технологияларды қолдану дәрежесі ескерілді.

Студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру басқару жүзеге асырылды.

Негізгі мақсаттары:

1) Электрондық білім беру ресурстары арқылы оқытушылар мен студенттердің өзіндік жұмыстың әдістері мен формалары, оны ұйымдастыру жолдары туралы білімдерін жүйелеу;

2) Цифрлық ортаны ұйымдастыру арқылы студенттердің өзіндік жұмысқа тартылу деңгейін арттыру;

3) Студенттердің цифрлық ақпараттық-білім беру ортасында өз бетінше жұмыс істеу қабілетіне бағытталған дағдыларын дамыту [5].

4) Сауалнама нәтижелері көрсеткендей, цифрлық технологияларды қолдану білім беру процесінде оң нәтижелерге әкелгенін растайды. Студенттердің 75%-ы электронды платформаларды қолдану арқылы өз білімін жақсартқанын атап өтті. Бұл көрсеткіш цифрлық білім беру құралдарының тиімділігін көрсетеді, себебі олар оқушыларға күрделі оқу материалдарын меңгеруді жеңілдетеді және оқу барысын құрылымдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, цифрлық платформалар әртүрлі оқу ресурстарын жылдам әрі ыңғайлы түрде қолжетімді етеді, бұл өз кезегінде студенттердің оқу мотивациясын арттырады.

Сауалнамаға қатысушылардың 62%-ы цифрлық құралдардың тапсырмаларды орындауды жеңілдететінін растады. Бұл, әсіресе, зертханалық жұмыстар мен практикалық тапсырмаларды орындау кезінде айқын байқалады. Цифрлық симуляциялар мен бағдарламалар нақты процестерді визуализациялауға және күрделі тақырыптарды түсінуге көмектеседі. Мысалы, химия сабақтарында молекулалардың құрылымын зерттеу немесе физика сабақтарында механизмдердің жұмыс принциптерін түсіндіру цифрлық құралдардың көмегімен анағұрлым жеңіл әрі түсінікті болады. Осылайша, цифрлық технологиялар студенттердің білімін тереңдету үшін жаңа мүмкіндіктер ұсынады.

Зерттеудің басқа маңызды нәтижесі – цифрлық технологияларды қолдану студенттердің танымдық белсенділігін арттырғаны. Бақылау барысында студенттердің өз бетінше зерттеу жүргізуге деген ынтасы айтарлықтай жоғарылағаны байқалды. Бұл оларды шығармашылық және аналитикалық ойлауға ынталандырады. Мысалы, "VIIA топ элементтері" тақырыбында өткізілген өзіндік жұмыстар кезінде студенттерге дербес тапсырмалар беріліп, олар деректерді жинау, жүйелеу және талдау жұмыстарын орындады. Мұндай тәсіл олардың теориялық білімдерін практикада қолдануға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, зерттеу барысында цифрлық технологиялардың оқытушылардың жұмысын оңтайландырудағы рөлі де атап өтілді. Цифрлық құралдар сабақтарды жоспарлау, бағалау, сондай-ақ кері байланыс беру процестерін жеңілдетті. Мәселен, электронды платформалар арқылы студенттердің тапсырмаларын автоматты түрде тексеру уақытты үнемдеуге мүмкіндік берді. Оқытушылар студенттердің прогресін бақылап, олар үшін дербестендірілген оқу бағдарламаларын жасауға қажетті мәліметтерді тез алуға мүмкіндік алды.

Дегенмен, цифрлық технологияларды қолдану барысында кейбір қиындықтар да анықталды. Зерттеуге қатысушылардың бір бөлігі интернетке қосылудың тұрақсыздығы немесе техникалық құралдардың жеткіліксіздігі сияқты мәселелерге тап болғанын айтты. Бұл мәселелерді шешу үшін оқу орындарына цифрлық инфрақұрылымды жақсарту және студенттерге қолжетімді құрылғылармен қамтамасыз ету бойынша шаралар қабылдау ұсынылады. Сонымен қатар, кейбір студенттер цифрлық құралдарды қолдануға қажетті дағдыларды жетілдіру қажеттілігін атап өтті. Мұндай жағдайларда қосымша оқыту семинарларын немесе тренингтерді ұйымдастыру пайдалы болады.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды білім беру процесіне енгізу оқыту сапасын айтарлықтай жақсартатынын көрсетті. Электронды платформаларды, цифрлық симуляциялар мен интерактивті құралдарды тиімді пайдалану студенттердің білім деңгейін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық қабілеттерін, зерттеушілік дағдыларын және өзін-өзі дамытуға деген ынтасын күшейтеді. Бұл өз кезегінде заманауи білім беру талаптарына сай болуға мүмкіндік береді.

Қорытындылай келе, цифрлық технологияларды қолдану білім беру жүйесін жаңғыртудағы маңызды қадам болып табылады. Бұл құралдардың тиімділігін арттыру үшін оқу орындары қажетті ресурстарды қамтамасыз етіп, оқытушылар мен студенттерді цифрлық ортада жұмыс істеуге дайындауға ерекше көңіл бөлуі тиіс. Мұндай тәсіл білім алушылардың сапалы білім алуына және олардың болашақ кәсіби жетістіктеріне жол ашады.

Талдау барысында цифрлық технологияларды қолданудың білім беру процесіне тигізетін әсері жан-жақты қарастырылды. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, цифрлық құралдарды тиімді пайдалану студенттердің оқу нәтижелерін айтарлықтай жақсартады. Студенттердің 75%-ының электронды платформаларды қолдану арқылы білім деңгейін арттырғанын растауы бұл құралдардың маңызды рөлін дәлелдейді. Мұндай платформалар білім алушыларға оқу материалдарын құрылымдауға, күрделі тақырыптарды меңгеруге және оқу процесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, цифрлық технологиялар студенттердің танымдық белсенділігін ынталандыруда ерекше рөл атқарады. Теориялық білімді практикамен ұштастыру, өзіндік зерттеу жұмыстары мен шығармашылық тапсырмаларды орындау цифрлық құралдардың көмегімен анағұрлым тиімді жүзеге асады. Мысалы, "VIIA топ элементтері" тақырыбында

ұйымдастырылған тапсырмалар студенттердің зерттеушілік және аналитикалық қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Осындай тәсілдер студенттердің дербес ойлауын, деректерді талдау және жүйелеу дағдыларын жетілдіреді.

Дегенмен, цифрлық технологияларды қолдануда кейбір қиындықтар да бар екенін атап өткен жөн. Интернетке қосылудың тұрақсыздығы, техникалық құралдардың жеткіліксіздігі және кейбір студенттердің цифрлық дағдыларының төмен деңгейі бұл процестің тиімділігін төмендететін факторлар ретінде анықталды. Бұл мәселелерді шешу үшін оқу орындары цифрлық инфрақұрылымды жетілдіру және студенттер мен оқытушыларға арнайы оқыту курстарын ұйымдастыру бойынша шаралар қабылдауы қажет.

Сондай-ақ, талдау барысында цифрлық құралдардың оқытушылардың жұмысын жеңілдететіндігі анықталды. Сабақтарды жоспарлау, тапсырмаларды бағалау және кері байланыс беру процестері цифрлық технологиялардың арқасында жылдамырақ және тиімдірек жүзеге асады. Бұл оқытушыларға уақытты үнемдеуге және студенттердің жеке қажеттіліктеріне көбірек көңіл бөлуге мүмкіндік береді.

Қорыта келгенде, талдау нәтижелері цифрлық технологиялардың білім беру жүйесінде кеңінен қолданылуы қажет екенін көрсетеді. Олардың тиімділігі білім сапасын арттырумен қатар, студенттердің шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуда да маңызды рөл атқарады. Сонымен бірге, технологияларды тиімді енгізу үшін қажетті техникалық және ұйымдастырушылық шаралар қабылдау керек. Осы бағыттағы жұмыстар білім беру процесінің тиімділігін арттыруға және студенттердің болашақта кәсіби жетістіктерге жетуіне ықпал етеді.

Қорытынды

Өзіндік жұмысты цифрландыру арқылы студенттердің үлгерімінің жақсаратынын байқауға болады.

Цифрлық білім беру ортасын құру кезінде байланыс арналары маңызды рөл атқаратынын бөлек атап өтуге болады. Біздің тәжірибеміз көрсеткендей, әртүрлі мессенджерлер (Discord, Telegram және т.б.) Discord-та боттарды кеңінен қолданудың қарапайымдылығы мен мүмкіндігін атап өтейік [6]. Олар ресми жұмыстың көп бөлігін өзіне алады: модераторлық, мұғалім болмаған кезде серверді ауыстыру, еске салу хабарламаларын жіберу, тексерулер жүргізу және т.б.

Көптеген зерттеулер визуальды және цифрлық технологияларды енгізудің оң әсерін көрсетеді, мұндай интеграция студенттердің қызығушылығын арттыра отырып оқуға ынталандыра алады.

Осы мәселе бойынша әдеби материалдардың едәуір көлемін мұқият талдағаннан кейін, цифрлық білім беру жүйесінің артықшылықтары ақпараттық технологияларға жаһандық көшу, ресурстарды үнемдеу және оқытушылардың жұмыс жүктемесін оңтайландыру сияқты бірқатар оң факторларды қамтиды деген қорытындыға келуге болады [7].

Сандық технологиялардың әмбебаптығы оқу материалын бейне, аудио және қосымшаларды қоса алғанда, түрлі құралдардың көмегімен ұсынуға мүмкіндік береді, осылайша сабақтарды түсіну мен есте сақтауды жақсартады.

Қорытындылай келе, цифрлық технологиялардың білім беру үдерісіндегі рөлі айтарлықтай маңызды және олардың тиімді қолданылуы студенттердің білім сапасын жақсартуға, танымдық белсенділігін арттыруға және өзіндік ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді. Зерттеу нәтижелері цифрлық платформалардың және құралдардың оқу процесін жеделдетіп, студенттердің тақырыптарды терең меңгеруіне мүмкіндік беретінін көрсетеді. Студенттердің 75%-ы электронды платформаларды қолдану арқылы білімдерін жақсартқаны, ал 62%-ы цифрлық құралдардың тапсырмаларды орындауды жеңілдететінін растауы бұл технологиялардың оқу процесіне елеулі әсерін білдіреді [8,9,10].

Цифрлық құралдардың тиімділігін арттыру үшін білім беру ұйымдарына техникалық инфрақұрылымды дамыту, оқытушылар мен студенттер үшін цифрлық дағдыларды

жетілдіретін бағдарламалар ұйымдастыру қажет. Сонымен қатар, оқу процесінде туындайтын техникалық қиындықтар мен интернетке қосылудың тұрақсыздығы сияқты мәселелерді шешу маңызды. Осы шаралар білім беру жүйесінің сапасын арттыруға және цифрлық технологияларды барынша тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Болашақта цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне интеграциясы тереңдей түсуі тиіс. Олар тек білім беру сапасын жақсартумен шектелмей, сондай-ақ студенттердің зерттеушілік, шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытуға көмектеседі. Бұл өз кезегінде студенттердің кәсіби деңгейін арттыруға және оларды еңбек нарығында бәсекеге қабілетті маман ретінде даярлауға ықпал етеді.

Осылайша, цифрлық технологиялардың білім беру жүйесіне енгізілуі және оларды тиімді қолдану білім сапасын көтеруге, оқушылардың жеке қабілеттерін дамытуға және жалпы білім беру жүйесінің инновациялық әлеуетін арттыруға маңызды қадам болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мамычев А.Ю. Роботы заявляют о своих правах. Доктринально-правовые основы и нравственно-этические стандарты применения автономных роботизированных технологий и аппаратов. Москва, 2020.-С.7.
2. Бакажанова А.К., Сагимбаева А.Е., Шоканов Р.А. Болашақ химия мұғалімдері үшін инновациялық цифрлық құралдарды пайдалана отырып оқытуды жетілдіру.«Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясы» РҚБ «Халық» ЖҚ Хабаршысы, Алматы, 2024.-95-108б.
3. Пак М.С. Дидактика химии. М.ВЛАДОС, 2004. - 92с.
4. Витязева О.В., Пак М.С. Теоретическая модель самостоятельная работы студентов по неорганической химии в педвузе // Актуальные вопросы современного университетского образования: Материалы X Российской - американской научно-практической конференции, 14-16 мая 2007 СП Изд-во РГПУ им. А.И.Герцена, 2007.-С. 183-185.
5. Дудышева Е.В., Гусева Т.А., Макарова О.Н. и др. Проектирование содержательных компонентов модели методической системы подготовки выпускника педагогического вуза к задачам совершенствования профессиональных компетенций школьных педагогов (на примере модулей цифровизации образования) // Гуманизация образования. – 2021. – № 5. – С. 28–45.
6. Шилинг Г. С. Оценка эффективности использования мессенджеров в процессе управления самостоятельной работой студентов вузов // Материалы 5 Международной научно-практической конференции «Непрерывная система образования «Школа – Университет». Инновации и перспективы». 28–29 октября 2021 года г. Минск. – Минск, 2021. – С. 293–298.
7. Сафина Л.Г. Формирование эвристических умений будущего учителя химии с помощью игровых технологий: Самарский национальный исследовательский университет. Самара, 2009. – С.19.
8. Бузаубакова К.Д., Беделбаева А.Е. Цифрлы білім беру ортасындағы педагогтің қызметі: Оқулық /К.Д.Бузаубакова, А.Е. Беделбаева. – Тараз: «ИП Бейсенбекова А.Ж.», 2023. – 128 б.
9. Сарсенбаева Н.Ф., Мырзахметова Б.Ш., Адылбекова Э.Т. Цифровизация образования в Республике Казахстан //Мир педагогики и психологии: международный научно-практический журнал. – 2021. – №1 (54).
10. Төлеубекова Р.К., Маусумбаев Р.С. Білім беру жүйесінде цифрлық технологияларды пайдалану әдістері//Қарағанды университетінің хабаршысы. - №2(102). - 2021. – Б.26-30.

REFERENCES:

1. Mamychev A.YU. Roboty zayavlyayut o svoikh právákh. Doktrinal'no-pravovyye osnovy i npravstvenno-ètičeskie standarty primeneniya avtonomnykh robotizirovannykh tekhnologiy i apparatov. Moskva, 2020. - S.7.
2. Bakazhanova A.K., Sagymbaeva A.E., Shokanov R.A. Bolashaq khimiya múgálimdéri úshin innovatsiyalyq tsifrlıq quraldardy paydalana otyrý oqytýdy jetildiru. "Qazaqstan Respublikasynyn Ulttyq ğylym akademiyasý" RQB "Khalyq" ZQ Khabarshysy, Almaty, 2024. - 95-108 b.
3. Pak M.S. Didaktika khimii. M.VLADOS, 2004. - 92 s.
4. Vityazyeva O.V., Pak M.S. Teoreticheskaya model' samostoyatel'noy raboty studentov po neorganicheskoy khimii v pedvuze // Aktual'nye voprosy sovremennogo universitetskogo obrazovaniya: Materialy Kh Rossiyskoy - amerikanskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii, 14-16 maya 2007 SP Izd-vo RGPU im. A.I.Gertsena, 2007. - S. 183-185.
5. Dudyshyeva E.V., Guseva T.A., Makarova O.N. i dr. Proyektirovaniye sodержatel'nykh komponentov modelı metodicheskoy sistemy podgotovki vy-pusknika pedagogicheskogo vuza k zadacham sovershenstvovaniya professional'nykh kompetentsiy shkol'nykh pedagogov (na primere module tsifro-vi-zatsii obrazovaniya) // Gumanizatsiya obrazovaniya. - 2021. - № 5. - S. 28-45.
6. Shiling G.S. Otsenka effektivnosti ispol'zovaniya messengerov v protsesse uderzhivaniya samostoyatel'noy raboty studentov vuzov // Materialy 5 Mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii "Nepriyvnyaya sistema obrazovaniya "Shkola – Universitet". Innovatsii i perspektivy". 28-29 oktyabrya 2021 goda g. Minsk. - Minsk, 2021. - S. 293-298.
7. Safina L.G. Formirovaniye èvrısticheskikh umeniy budushchego uchitelya khimii s pomoshch'yu igrovykh tekhnologiy: Samarskiy natsional'nyy issledovatel'skiy universitet. Samara, 2009. - S. 19.
8. Buzaubakova K.D., Bedelbaeva A.E. Tsifrlý bílimdirý ortasynda pedagogtıń qyzmeti: Oqulyq / K.D. Buzaubakova, A.E. Bedelbaeva. - Taraz: "IP Beysenbekova A.Zh.", 2023. - 128 b.
9. Sarsenbaeva N.F., Myrzakhmetova B.Sh., Adylbekova E.T. Tsifrovizatsiya obrazovaniya v Respublike Kazakhstan // Mir pedagogiki i psikhologii: mezhdunarodnyy nauchno-prakticheskiy zhurnal. - 2021. - №1 (54).
10. Tóleubekova R.K., Mausumbaev R.S. Bílim berý jüyesinde tsifrlý texnologiyalardy paydalanu ädístéri // Qaragandy úniversitetin khabársý. - №2(102). - 2021. - B. 26-30.

ПРОБЛЕМА ОРГАНИЗАЦИИ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ СТУДЕНТОВ ПО ХИМИИ

Бакажанова А.К., Сагимбаева А.Е.

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Республика

Казахстан, г. Алматы.

**e-mail: aikar1416@mail.ru*

В данной статье рассматриваются особенности и актуальные проблемы применения современных цифровых технологий в системе образования и показано, что дистанционное обучение стало неотъемлемой частью образовательного процесса. Несомненные преимущества цифровых технологий, связанные со скоростью приема, обработки и распространения информации, очевидны. Современные электронные компьютеры, гаджеты и другие цифровые технологии позволяют ускорить работу человека в тысячи раз. В статье рассказывается о самостоятельной работе, направленной на формирование у студентов специальности химия образовательных навыков в преподавании неорга-

нической химии Это самостоятельная работа студентов при изучении нового материала по неорганической химии ;самостоятельная работа студентов при совершенствовании и применении знаний и умений; самостоятельная работа студентов при контроле и оценке полученных знаний и умений. Также в статье рассказывается об анкетировании студентов, то есть о том, что одновременно студенты дифференцируются по уровню вовлеченности в самостоятельную работу посредством электронной связи. Авторы делают вывод, что в условиях совершенствования образова-тельного формата самостоятельная работа студентов требует особого внимания.

Ключевые слова: цифровые технологии, современное образование, дистанционное обучение, инновации, глобализация, самостоятельная работа, обучение, ресурсы.

THE PROBLEM OF ORGANIZING INDEPENDENT WORK OF STUDENTS IN CHEMISTRY

A.K. Bakazhanova, A.E. Sagimbayeva

Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty

*e-mail: aikar1416@mail.ru

This article examines the features and current problems of the use of modern digital technologies in the education system and shows that distance learning has become an integral part of the educational process. The undoubted advantages of digital technologies related to the speed of receiving, processing and distributing information are obvious. Modern electronic computers, gadgets and other digital technologies can speed up human work thousands of times. The article describes the independent work aimed at developing students of the specialty chemistry educational skills in teaching non-academic chemistry. This is the independent work of students in the study of new material on inorganic chemistry; independent work of students in improving and applying knowledge and skills; independent work of students in the control and evaluation of acquired knowledge and skills. The article also tells about the survey of students, that is, that at the same time students are differentiated by the level of involvement in independent work through electronic communication. The authors conclude that in the context of improving the educational format, students' independent work requires special attention.

Keywords: digital technologies, modern education, distance learning, innovation, globalization, independent work, training, resources.

ПРИМЕНЕНИЕ МЕТОДИКИ НАУЧНЫХ ПРОЕКТОВ ПО БИОЛОГИИ В ШКОЛЬНОЙ ПРАКТИКЕ

Баримбекова Г.Б. 

Коммунальное государственное учреждение «Средняя школа №25 с дошкольным мини-центром имени Барлыбека Сырттанулы» государственного учреждения, Республика Казахстан, г. Талдықорған
*e-mail: barimbekgulnaz1978@mail.ru

Современные научно-технические инновации оказывают большое влияние на формирование научной познавательной активности и интереса молодежи. В связи с этим содержание, деятельность образования претерпевают кардинальные изменения, широко внедряются в практику передовые технологии, современные формы организации, эффективные методы и приемы развития личности. Особое место в реализации таких задач занимает научно-исследовательская работа, обусловленная требованиями времени. Эта работа становится огромной движущей силой, способствующей развитию личности, общества, начиная с этапа начального обучения школы и непрерывно продолжаясь на всех этапах системы образования. Увеличение числа учащихся, вовлеченных в научно-исследовательскую работу, приобретает массовый характер и доказывает свою актуальность, выдвигая проблему поиска эффективных путей организации научно-исследовательской работы.

Ключевые слова: биология, научное исследование, проект, методика, технология обучения, образовательная программа, школьная практика.

Введение

Применение системного подхода в проектном обучении позволяет построить каждый учебный проект в виде единой системы развития, стимулирующей учащихся к усвоению знаний, приобретению различных умений и навыков. Реализация системного подхода позволяет контролировать комплексное взаимодействие элементов проектной системы обучения, объяснять механизмы эффективной реализации учебного процесса. Упорядоченное взаимодействие (ученик-группа учащихся; группа учащихся-учитель; ученик-учитель) обеспечивает стабильное функционирование системы. Тщательно анализируя каждый элемент системы проектного обучения, их взаимосвязь в динамике позволяет прогнозировать результат деятельности [1].

С учетом условий учебного проекта, его целей, методологии, содержания, средств, построив модель и изучив отдельные компоненты, можно решить проблему формирования единства системного знания и способа деятельности [2].

Учет всех системно-структурных связей в организации проектного обучения в курсе биологии старших классов приводит к гармонизации знаний по различным предметам, формированию научной картины мира и развитию у учащихся обобщенных понятий [3].

Проблемный подход наряду с исследованием является одним из основных требований к организации проектного обучения в курсе биологии. Системное применение проблемного подхода способствует формированию научных убеждений, повышает уровень вовлеченности в реальные жизненные ситуации и развивает экологическую ответственность учащихся. Основными методическими методами создания проблемных ситуаций являются предварительные задания, применение жизненных наблюдений учащихся, решение экспериментальных и познавательных задач, создание ситуации выбора, постановка проблемных вопросов (обобщение, обоснование, уточнение, логика рассуждений), организация дискуссий и учет межпредметных связей [4].

Специальные исследовательские навыки, реализуемые в проектах по темам "основы экологии" и "Биосфера" раздела "Общая биология": определение особенностей адаптации живых организмов к среде обитания, определение основных компонентов местных природных экосистем, создание экологических карт и схем, отбор проб и проведение испытаний, прогнозирование последствий воздействия человека на природные экосистемы [5].

В ходе защиты исследовательского проекта у слушателей могут возникнуть вопросы к докладчику. Ученики иногда думают, что они задают вопрос, чтобы "споткнуться" оратора, снизить оценку. А на самом деле это не так. Вопросы обычно возникают, когда содержание доклада привлекает слушателей, когда они хотят узнать об этом больше, чтобы уточнить какие-либо правила, расширить свои знания. Члены жюри задают вопросы, чтобы повысить оценку отчета, если докладчик где-то ошибается или не может сказать наверняка.

При ответе на вопросы докладчик должен учитывать следующие рекомендации:

1. вопрос нужно внимательно выслушать.
2. при необходимости нужно написать вопрос. В случае, когда задается не один, а несколько вопросов, запись поможет.
3. Если вы не понимаете вопрос-спросите еще раз или предложите свой вариант по заданному вам вопросу.
4. ответьте серьезно, проявив уважение к человеку, задавшему вопрос. Не нужно быть благодарным за заданный вопрос.
5. Если вас спросят о том, что было сказано перед вами, скажите еще раз. "Я говорил о нем в своем отчете", - не могу сказать.
6. Если вы забыли точный ответ на вопрос, найдите его в проекте и прочтите. Вам очень поможет заранее подготовленный словарь, который вы можете использовать при ответе на вопрос. Словарь можно разместить в разделе "приложения" исследовательского проекта.
7. Если вы сомневаетесь в правильности своего ответа, ответьте"... вы можете это предсказать", – можно закончить. Если вам задают вопрос, выходящий за рамки темы исследования, вы можете не ответить, что этот вопрос не входит в тему исследования. Но если вы знаете или можете угадать ответ, ответьте.
8. Если вы вообще не знаете или даже не можете угадать ответ, не знаете, как ответить – это, конечно, большой недостаток, но все же нужно ответить. Не говорите, что не знаете ответа. Скажите, что вы планируете рассмотреть этот вопрос в своем следующем исследовании.

Материалы и методы

Проект должен содержать введение, основную часть, формулировку. Во введении определяется основная цель проекта, Пути его решения. В основном разделе раскрывается содержание работы. В разделе "итоги" подводятся итоги работы по проекту, определяются возможные направления дальнейшего поиска.

* обязательными элементами любого проекта являются: Домашняя страница, нумерация страниц, библиография, ссылка на цитируемую литературу, пояснительный материал любого вида(рисунки, диаграммы, диаграммы, рисунки, приложения и др.).

10. Bloom, A. . (1987). The Closing of the American Mind: How Higher Education Has Failed Democracy and Impoverished the Souls of Today's Students. Нью-Йорк: Simon & Schuster. – P. 400

ЗНАЧЕНИЕ И ТРАНСФОРМАЦИЯ ТРАДИЦИОННЫХ ЦЕННОСТЕЙ

Рахипова С.К., Енсеева В.Т.

*Жетысуский университет имени Ильяса Жансугурова, Республика Казахстан,
г. Талдыкорган*

**e-mail: sayra.76@mail.ru*

Статья посвящена философскому анализу значения и трансформации традиционных ценностей в современном обществе. Автор исследует, как традиционные ценности, такие как семья, мораль и религия, формируют основы для социального взаимодействия и личной идентичности. Через призму идей Иммануила Канта, Фридриха Ницше и Чарльза Тейлора рассматриваются две основные позиции: деонтологический подход, утверждающий неизменность моральных норм, и критический взгляд, подчеркивающий необходимость переосмысления традиционных ценностей в условиях современности. Статья анализирует влияние глобализации, технологического прогресса и медиакультуры на трансформацию ценностей, а также поднимает вопросы утраты нравственных ориентиров и моральной релятивизации. Обсуждаются риски фрагментации общественных смыслов и ослабления социальных связей, что приводит к росту одиночества и нигилизма. В заключение подчеркивается необходимость поиска баланса между сохранением традиционных принципов и адаптацией к новым условиям для обеспечения устойчивости общества.

Ключевые слова: *ценности, традиция, глобализация, культура, философия, религия, онтология, категорический императив, этика, мораль.*

THE SIGNIFICANCE AND TRANSFORMATION OF TRADITIONAL VALUES

S.K.Rahipova, V.T.Enseeva

Zhetysu university named after I.Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan

**e-mail: sayra.76@mail.ru*

The article is dedicated to a philosophical analysis of the significance and transformation of traditional values in modern society. The author explores how traditional values, such as family, morality, and religion, form the foundation for social interaction and personal identity. Through the lens of the ideas of Immanuel Kant, Friedrich Nietzsche, and Charles Taylor, two main positions are examined: a deontological approach that asserts the unchanging nature of moral norms, and a critical perspective emphasizing the necessity of rethinking traditional values in contemporary contexts. The article analyzes the influence of globalization, technological progress, and media culture on the transformation of values, as well as raising questions about the loss of moral anchors and moral relativism. It discusses the risks of the fragmentation of public meanings and the weakening of social ties, leading to increased loneliness and nihilism. In conclusion, it emphasizes the need to find a balance between preserving traditional principles and adapting to new conditions to ensure the stability of society.

Key words: *values, tradition, globalization, culture, philosophy, religion, ontology, categorical imperative, ethics, morality.*

ҮЗДІКСІЗ БІЛІМ БЕРУДЕ ПЕДАГОГТЕРДІҢ АҒЫЛШЫН ТІЛІН МЕНҒЕРУГЕ ЖАЛПЫКӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ДАМУ

А.О.Спатай^{1,*} , Б.О.Спатаев² , А.Р.Есенкулова¹ 

¹Орталық Азия инновациялық университеті, Қазақстан Республикасы, Шымкент қ.

²С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Қазақстан Республикасы, Астана қ.

*e-mail: spatay.aygul@mail.ru

Мақалада үздіксіз білім беруде педагогтердің ағылшын тілін меңгеруге жалпыкәсіби құзыреттілігін дамыту қарастырылады. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагогтердің ағылшын тілін меңгеруге дайындықтарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан анықтай отырып, осы сала мамандарын даярлауды біріккен-диалогты танымдық іс-әрекетті кәсіби ойындар, интерактивті әдістермен ұйымдастыру олардың қоғам талабына сай білікті құзіретте дамып, жетілуіне септігін тигізеді және инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқу процесін блокты-модульдік етіп құру: яғни, оқыту процесінің табыстылығы мен жайлылығын және оқыту субъектілерінің бәсекеге қабілеттіліктерін арттыру мақсатында кәсіби ойындар мен белсенді оқыту әдістерін қолданудың маңыздылығы ғылыми дәлелденген. Жоғары оқу орындарындағы білім беру процесі жинақталған білім, білік және дағдыларды берудің құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлемдегі жаңа көзқарастың қалыптасуына, ондағы болып жатқан оқиғалардың өзара байланысы мен өзара тәуелділігін түсінуге, жаһандық мәселелерді түсіну және оларды шешу үшін жеке жауапкершілігінің дамуына көмектеседі. Ғылыми зерттеулерге жасалған талдау жұмысы үздіксіз көпсатылы кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагог мамандарды даярлау мәселесінің әлі де болса терең қарастырылу қажеттілігін көрсетеді. Зерттеу мәселесіне байланысты талдау, сауалнама, тест, сұрақ-жауап, диагностика, педагогикалық эксперимент әдістері қолданылды. Зерттеу жұмыстары Шымкент қаласындағы Орталық Азия инновациялық университетінің оқытушыларының қатысуымен жүргізілді.

Түйін сөздер: құзыреттілік, үздіксіз білім беру, ағылшын тілін меңгеру, көпдеңгейлі педагогикалық білім, педагог.

Кіріспе

Жоғары оқу орындары оқытушыларының үнемі біліктілігін арттыру мәселесі ғылыми және әдістемелік әдебиеттерде жан-жақты қарастырылған. Бұл мәліметтер шетелдік ғалымдардың әртүрлі зерттеулері мен тәжірибе нәтижелерін қамтиды. Бұл зерттеулерді тәжірибе жасалатын әрекеттерді мынадай мазмұнда түсіну қажет: үздіксіз білім беру адам капиталының жаңа білімдер мен дағдылар түрінде қалыптасуын қамтамасыз етеді, әрі тәжірибе барысында білім алушылардың құзіретті бағытта дамуына жол ашады.

Тұрақты көпсатылы білім беру саласында оқытушылардың кәсіптік даярлықтарының нәтижесін арттыру, оны басқарудың тұрақтылығын және үздіксіздігінің теориясын негіздеу, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету Қазақстан білім беру жүйесінің әлемдік кеңістікке ықпалдасуын зерттеуді және оны кезең-кезеңімен жүзеге асыруды қажет ететін маңызды мақсаттардың бірі болып табылады. Бұл бағытта «Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы» және «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» негізгі дәлелдер болып табылады [1].

Жоғары оқу орындарындағы білім беру үдерісі тек дағды, білім, білікті қалыптастыру құралы ғана емес, сонымен қатар тұлғаның әлемдегі жаңа көзқарасын қалыптастыруға, ондағы оқиғалардың өзара байланысы мен тәуелділігін түсінуге, жаһандық мәселелерді ұғынуға және оларды шешу үшін жеке жауапкершілікке тәрбиелеуге көмектеседі.

Материалдар мен әдістер

Көпсатылы педагогикалық білім берудің теориясы мен тәжірибесі, тұрақты кәсіптік білім берудің үлгісін жасау, кәсіптік педагогикалық білім беру деңгейлерінің стандарттары мен білім беру бағдарламалары мазмұнының байланысы қарастырылған. Білім беру саласында кәсіптік педагогикалық жоспарлау мәселелері, сонымен бірге үздіксіз педагогикалық білім беру байланысының ұйымдастырушы-педагогикалық негіздері мен оны жүзеге асыруды әдістемелік қамтамасыз ету жүйесі зерттелген. Білім берудің көпдеңгейлі саласында тілді оқыту жүйесін дайындау мәселелері бірқатар ғалымдардың ([2], [3], [4], [5], [6]) зерттеулерінде көрініс тапқан.

Ғылыми зерттеулердің нәтижесінде талдау жұмысы көпдеңгейлі кәсіптік педагогикалық білім беру саласында оқытушыларды дайындау мәселесінің әлі де болса терең қарастырылу қажеттілігін көрсетеді. Ғылыми жұмысымызда Б.А. Сайлыбаевтың үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде мұғалімдерді даярлауды байланысты басқарудың ғылыми негіздері туралы, сондай-ақ С.Т. Жарболованың үздіксіз көп деңгейлі білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдірудің педагогикалық шарттарын анықтау жөніндегі құнды пікірлері талданып, тұжырымдар жасау барысында негізге алынды [7], [8].

Негізгі бөлім

Кәсіптік-педагогикалық білім беру саласында оқытушылардың ағылшын тілін меңгеруге дайындықтарының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін теориялық тұрғыдан зерттелінген. Ағылшын тілін үйренуге оқытушыларды дайындау біріккен-диалогты танымдық іс-әрекет арқылы кәсіби ойындар мен интерактивті әдістерді пайдалану арқылы ұйымдастыру. Олардың қоғам талаптарына сәйкес біліктілік пен құзіреттілік бағытында дамуына ықпал етеді. Инновациялық әдістерді қолдану арқылы оқу процесін блокты-модульдік жүйе бойынша ұйымдастыру. Оқыту табыстылығын және жайлылығын арттыру, оқыту субъектілерінің бәсекеге қабілеттілігін көтеру мақсатында кәсіби ойындар мен белсенді оқыту әдістерін қолданудың маңыздылығы ғылыми тұрғыдан дәлелденген.

Бұл зерттеу жұмысының теориялық-әдіснамалық және әдістемелік тұрғыдан негізделуі, жұмыс мазмұнының ғылыми аппаратқа сәйкес болуы, кешенді әдістерді қолдану, эксперименттік бағдарламаға сәйкес нәтижелердің нақтылануы, зерттеу нәтижелерінің дереккөздер негізінде қорытындылануы және тәжірибеге енгізілуі зерттеудің тиімділігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, зерттеу ғылыми болжамның дәлелденуі мен ізденушінің жоғары оқу орнындағы жұмыс тәжірибесіне негізделген.

«Үздіксіз білім беру» (lifelong learning) халықаралық анықтама бойынша білік мен білім, шеберліктер пен дағдыны жетілдіру мақсатындағы барлық білім беру іс-әрекеттерін қамтитын құбылыс болып табылады. Оның құрамына ресми, бейресми білім беру, қосалқы білім беру мен өзін-өзі дамыту жатады [9].

Үздіксіз білім берудің мәні жеке адамның білімдік әлеуетінің (жалпы және кәсіби) мемлекеттік және қоғамдық институттардың сұраныстарына сай өмір бойы өсу процесін білдіреді. Бұл білім беру саласын қалыптастырған қағидаттар болып табылады және ол адамның білім алу барысындағы үздіксіз қатысуын қамтамасыз етеді. Ғылым мен техниканың прогресі және инновациялық технологиялардың кеңінен қолданылуы үздіксіз білім берудің қажеттілігін айқындайды. Алдағы жылдары бұл принцип толық жүзеге асуы тиіс [10].

Н.С. Семеновтің пікірінше: «Үздіксіз біліммен қамтудың негізін 6 принцип құрайды: барлық адамдар үшін базалық білім мен дағдылар, адамзаттық ресурстарға

инвестициялардың тартылуының артуы, білім беру мен оқытуда инновациялық әдістемелердің көптеп және кеңінен қолданылуы, алынған білім бағасының жаңа жүйесі, жетекшілік пен кеңес берудің дамуы, ақпараттық технологияларды қолдана отырып білім беру ісінің үйге жақындауы» [11].

В.Д. Шадриков, И.В. Кузнецова педагогтердің жалпыкәсіби құзыреттілігін педагогикалық қызметкерлердің біліктілік деңгейін бағалау – педагогикалық қызметті талдау процесінде бөлінген және ұсынылған алты құзыреттілік негізінде педагогтердің біліктілік деңгейін анықтаған.

1. Жеке қасиеттер саласындағы құзыреттілік:

- *эмпатия және әлеуметтік рефлексия;*
- *өзін-өзі ұйымдастыру;*
- *жалпы мәдениет.*

2. Педагогикалық қызметтің мақсаттары мен міндеттерін қоюда:

- *оқушылардың жас ерекшеліктеріне және жеке ерекшеліктеріне сәйкес мақсаттар мен міндеттер қоя білу.*

- *сабақ тақырыбын педагогикалық міндетке аудару;*
- *білім алушыларды мақсаттар мен міндеттерді тұжырымдау процессіне тарту.*

3. Білім алушыларды ынталандыруда:

- *оқу іс-әрекетінде табысқа жетуді қамтамасыз ететін жағдайларды жасай білу;*
- *білім алушылардың оң уәждемесі үшін жағдай жасау.*

4. Педагогикалық қызметтің ақпараттық негізін ұамтамасыз етуде:

- *оқыту әдістеріндегі құзыреттілік;*
- *оқыту пәнінде;*
- *педагогикалық қызметтің субъективті жағдайында.*

5. Бағдарламалық, әдістемелік, дидактикалық құралдарды әзірлеуде және педагогикалық материалдарды әзірлеуде және педагогикалық қорытынды шығару:

- *үлгілік білім беру бағдарламаларын таңдау және іске асыру мүмкіндігі;*
- *өз бағдарламаңызды, әдістемелік және дидактикалық материалдар.*

6. Педагогикалық қызметті ұйымдастыруда:

- *субъект-субъектілік қатынастарды орната білу;*
- *білім алушылардың оқу қызметін ұйымдастыру;*
- *педагогикалық бағалау жүргізу.*

Жеке қасиеттер саласындағы жалпы кәсіби құзыреттілік жоғарғы оқу орындарындағы педагогтің белгілі бір сипаттамалары бар педагогикалық қызметпен тиімді күресу қабілеті. Педагогтердің балаларға деген сүйіспеншілігі, жалпы мәдениеті, өзін ұйымдастыра білуі педагогикалық қызметке бағытталған.

Білім алушыларды оқу қызметін жүзеге асыруға ынталандыру саласындағы жалпыкәсіби құзыреттілік педагогтің осындай қызметті жүзеге асыру сапасын көрсетеді [12].


Талдау нәтижелері және талқылау

Үздіксіз педагогикалық білім беру ХХ ғасырдың 80-ші жылдарының екінші жартысында пайда болып, осы уақытқа дейін тек теориялық тұрғыда шешімін тауып келеді. Әсіресе мұндай мәселені тек теориялық жағынан қарастыру оқытушыға әлеуеттік мүмкіндіктерін толық көлемде пайдалану мүмкіндігін бермейді. Кәсіптік педагогикалық білім беру саласында алғашында үздіксіз білім берудің құрамдас бөлігі ретінде ересектердің білім алуына арналған жаппай қозғалыс негізінде пайда болды. Бүгінгі таңда ол үздіксіздік пен үздіктілік, сабақтастық пен дискреттілік жағдайында қызмет етіп, дамып жатқан біртұтас педагогикалық жүйеге айналды.

Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі – күрделі, көпқырлы және қарама-қайшылықтармен сипатталатын жүйе. Біз өз зерттеуімізде оны үш негізгі деңгейде қарастырамыз: бірінші деңгейде, оны мегажүйенің бір бөлігі ретінде (яғни, үздіксіз педагогикалық білім берудің мәні мен даму заңдылықтарын зерттей отырып, оны жалпы

үздіксіз білім беру жүйесінің даму контекстінде қарастыру маңызды); екінші деңгейде, ұйымдық құрылым ретінде; және үшінші деңгейде, мазмұндық құрылым ретінде қарастырамыз [13].

Сонымен қатар, біз бұл жүйені үш түрлі ішкі жүйеге бөлеміз: біріншіден, кәсіпке дейінгі даярлық; екіншіден, көпдеңгейлі кәсіби білім беру (орта және жоғары кәсіби білім беру); үшіншіден, кәсіби біліктілікті жетілдіру (1-сурет).



Сурет 1 – Үздіксіз педагогикалық білім беру жүйесі

Әлемдік экономикалық және қоғамдық дамудың қазіргі кезеңінде білім берудің үздіксіздігі мәселесі айрықша өзекті болып табылады. Бұл мәселе әр түрлі аспектілерден қарастырылса да, негізгі сұрақ ретінде білім алу процесінің қажеттілігі мен оның қоғам үшін маңызы тұр. Білім беру барлық өмір бойы немесе үнемі білім алу қажеттілігі туралы сұрақтар өзара байланысты болып, қоғамның дамуында негізгі рөл атқарады.

Жаһандық өзгерістер мен даму трендтері білімнің тек жеке адам үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін де маңызды екенін көрсетеді. Білім беру үздіксіз процесс ретінде қарастырылғанда, ол тек теориялық емес, практикалық дағдыларды да қамтиды. Бұл, өз кезегінде, жұмыс нарығындағы бәсекелестікке дайын мамандарды қалыптастыруды талап етеді. Қазіргі заманғы еңбек нарығы дайын мамандарды қажет етеді, ал оқу мен тәжірибе арқылы алынған құзіреттіліктер жұмыспен қамту мен мансаптық өсудің негізі болады.

Бұл процесс әлеуметтік-экономикалық жүйенің маңызды бөлігі ретінде адамның барлық өміріндегі білім алу траекториясын қамтиды. Білім берудің үздіксіздігі адамдардың жеке және кәсіби дамуында үлкен рөл атқарады, бұл өз кезегінде еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілікті сақтап, шығармашылық әлеуетті дамытуға ықпал етеді. Сонымен қатар, үздіксіз білім беру жүйесі мемлекетке де үлкен пайда әкеледі, себебі ол экономикалық өсімді қамтамасыз етуге және әлеуметтік тұрақтылықты сақтауға көмектеседі [14].

Қазіргі жағдайда білім беру тек мектеп пен жоғары оқу орнында ғана емес, жеке адамның өмір бойы білім алу арқылы жүзеге асырылады. Бұл білім берудің үздіксіздігі жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, кәсіби біліктілігін арттыруына және қоғамның жаңашыл талаптарына жауап беруіне мүмкіндік береді [15].

Білім беру жүйесінің дамуы өндірістік инфрақұрылымның дамуымен тығыз байланысты және оның жүзеге асуының циклдық сипаты білім беру процесінің де циклдылығын талап етеді. Бұл жүйе тек білім мен дағдыларды меңгеру ғана емес, оларды практикада тиімді қолдануды қамтамасыз ететін үздіксіз өндірістік-білім беру біртұтас жүйесі ретінде құрылуы қажет. Өндіріс пен білім беру арасындағы өзара байланыс мамандарды даярлаудың сапасы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді, бұл, өз кезегінде, қоғамның экономикасы мен әлеуметтік құрылымын жақсартуға негіз болады.

Әлеуметтанушылық зерттеулер еңбек нарығындағы жұмыс берушілердің талаптарын көрсетеді. Олар тек жалпы білімді мамандарды емес, нақты кәсіби дағдыларға ие, белгілі бір салада шеберлік таныта алатын мамандарды талап етеді. Бұл үрдіс кәсіпкерлердің, сондай-ақ қызметкерлердің өз ісіне деген жауапкершілігін күшейтіп, еңбек нарығындағы бәсекелестікті арттырады. Осыған байланысты үздіксіз білім беру жүйесі жеке тұлғаның кәсіби дамуын қамтамасыз ететін маңызды факторға айналады.

Қазақстан Республикасында демографиялық жағдайдың өзгеруі, әсіресе қарт адамдардың санының өсуі, білім мен кәсіби дағдылардың ескіру қарқынын арттырады. Бұл жағдай кіші және шағын қалаларда ерекше байқалады. Мұндай жағдайда жеке тұлғаның кәсіби мансап жолындағы үздіксіз білім алуға деген қажеттілігі айқындалады. Әсіресе, экономикалық өзгерістер мен жаңа әлеуметтік талаптар аясында үздіксіз білім беру жүйесі кәсіби жеке тұлғаны қалыптастыру және оны қолдап отыру үшін маңызды болуы қажет.

Үздіксіз білім беру әр адам үшін тек танымдық сұраныстарын қанағаттандырумен ғана емес, сонымен қатар оның рухани қажеттіліктері мен қабілеттерін дамытуға бағытталған процесс ретінде қарастырылуы тиіс. Я.А. Коменскийдің пікірі бойынша, адамның қалыптасуы кезеңінде оның әлеуметтік-психологиялық пісіп-жетілуі мен дамуы, сондай-ақ қартаю кезеңінде де үздіксіз білім алу маңызды рөл атқарады. Білім алу тек жастарға ғана емес, барлық жастағы адамдарға өмір бойы қажет болып табылады, себебі ол олардың өзін-өзі дамытуға, өз қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді [16].

Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесі педагогикада бірнеше маңызды түсініктер мен құбылыстарды қалыптастыруға мүмкіндік береді, олар:

- білім беру мекемелерінің көпдеңгейлі құрылымы;
- білім бағдарламаларының үздіксіздігі;
- оқытуды біріктіру түрлерінің маңыздылығы;
- оқыту құрылымдарының ортақ мақсаты;
- кәсіби оқытушыларды қайта даярлау;
- ересектерге бейресми білім беру.

Көпдеңгейлі жүйе білім беру компоненттерінің кәсіби бағдарға бағынуына ықпал етеді. Кәсіби дайындық барлық білім беру процесіне еніп, оның құрылымымен тығыз байланыста болады. Осы тұрғыда білім беру жүйесінде білім беру және кәсіби компоненттер арасындағы оңтайлы қатынасты анықтау маңызды. Бұл мәселені шешу үшін компоненттердің мазмұнын және мақсаттарын айқындап, көпдеңгейлі білім беру моделін жасау қажет. Көпдеңгейлі жүйеге өту үшін жоғары оқу орындарының міндеттерінің бірі – ғылыми ізденіс қабілеті бар мамандарды даярлау, сонымен бірге ғылымды дамыту болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін студенттер практикалық жұмыстарға дайындалу барысында ізденіс жұмыстарын жүзеге асыруы керек, сонда ғана олар шығармашылық тұлға бола алады [17].

Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесі білім беру процесінің жаңа бағыттарын анықтауға ықпал етеді. Әлемдік тәжірибе үздіксіз кәсіби білімнің адам капиталының дамуына ықпалының артуын көрсетті. Бұл білім беру мекемелерінің көптүрлілігі мен адамның бүкіл өмір бойы білім алу процесінің маңызды элементі ретінде қарастырылады. Білім алу мен дағдыларды дамыту адамдар үшін тек білімін толықтыру ғана емес, шеберліктерін жетілдіру және жиі жағдайда қайта оқытуға дайын болу қажеттілігін туғызады [18].

Мамандық таңдау – тек бір рет шешілетін процесс емес, бұл адамдардың ұзақ мерзімді өзгерістер мен жаңалықтарға бейімделуін қамтамасыз ететін көпсатылы процесс. Шағын қалалардағы білім беру жүйесі аймақтағы білім беру мекемелерінің біртұтас жүйесін құруға мүмкіндік береді, осылайша әртүрлі деңгейлердегі өзара әрекет білім алушылардың қызығушылықтары мен қабілеттерінің дамуына ықпал етеді [19].

Үздіксіз кәсіби білім беру аймақтық жүйе мен білім беру процесінің интеграциясымен тығыз байланысты. Әр түрлі деңгейдегі білім беру мекемелері арасында шекараларды жою, әсіресе базалық дайындық пен біліктілікті арттыру арасында, қиын міндет болып табылады. Үздіксіз білім берудің алғашқы кезеңі бейіндік білім беру болуы тиіс, онда кәсіби өзін-өзі анықтау мен жеке тұлғаның өзін жүзеге асыруы арасындағы байланыс орнатылуы қажет [20].

Бейіндік білім беру кәсіби даярлықтың маңызды құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл екі бағытта: кәсіби дайындықтың бастапқы кезеңі (бастауыш және орта кәсіби білім беру) және теориялық базаның негізін қалаушы жоғары білім беру жүйесі арқылы жүзеге асырылады. Орта кәсіби білім беру мекемелері түрлі білім бағдарламаларын жүзеге

асырып, мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлануын қамтамасыз ететін маңызды әлеуметтік-экономикалық институтқа айналады [21].

Аймақтық жүйе мен білім беру мекемелерінің біртұтас интеграциясын жүзеге асыру үшін, аймақтық деңгейде білім беру мекемелері мен басқару органдары арасындағы келісімдер мен меморандумдар жасалуы керек. Бұл көпдеңгейлі кәсіби мамандар даярлау моделін дамыту үшін қажетті негізгі қадамдардың бірі болып табылады.

Сонымен қатар, шетел тілдеріне қойылатын заманауи талаптар мен олардың педагогтарын даярлау жүйесі, халықаралық деңгейде білім беру процестерінің қарқынды дамуы мен жаһандану үрдісіне сәйкес модернизацияны қажет етеді [22].

Бітіруші түлектердің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін бейіндік білім беру екі негізгі бағытта дайындықты жүзеге асырады: кәсіби білім алудың бастапқы деңгейі және фундаментальді теориялық деңгей.

Орта кәсіби білім беру айтарлықтай әлеуметтік және экономикалық маңызға ие. Орта кәсіби білім беру мекемелері басқа білім беру мекемелерімен өзара бірігіп, білім беру-әдістемелік және мәдени-ағартушылық орталықтар ретінде қызмет атқарады. Бұл мекемелер тек бағдарламаларды жүзеге асырып қана қоймай, қосымша білім беру саласында да кең спектр ұсынады (біліктілікті арттыру, мамандарды кәсіби қайта даярлау, жұмыс іздеушілерге көмек көрсету үшін арнайы курстар мен семинарлар ұйымдастыру, және тағы басқа). Сонымен қатар, олар мектеп оқушыларының кәсіби бағдарлануын жүзеге асыратын ғылыми-әдістемелік, ғылыми-ізденістік және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды да атқарады [23].

Бастауыш және орта кәсіби білім беру мекемелерінің аймақтық жүйеге кірігу процесі мемлекеттік деңгейде ғана емес, аймақтық деңгейде де мақсатты бағытталған саясат жүргізуді қажет етеді. Бұл үшін аймақтық деңгейдегі органдармен келісімдер мен меморандумдар жасау қажет. Сонымен қатар, аймақтық басқару органдары білім беру мекемелерінің қызметіне, мамандарды даярлауға қатысты аймақтық сұраныстарды қалыптастыру арқылы көпдеңгейлі кәсіби мамандар даярлауды жүзеге асыратын интеграцияланған білім мекемелерінің моделін енгізу керек [24].

Елдер арасындағы экономикалық, саяси және мәдени байланыстардың нығаюы, ақпараттық процестер мен бұқаралық ақпарат құралдарының жаһандануына байланысты шетел тілдерінің маңызы артуда. Бұл жағдай шетел тілі педагогтарына қойылатын жаңа талаптар мен олардың даярлық жүйесін модернизациялау қажеттілігін туғызады.

Кәсіби жоғары білім беру стандарттары шетел тілі педагогтарының даярлығына қойылатын талаптарды қамтиды. Бұл талаптар өндірістік-тәжірибелік, ғылыми-әдістемелік, ғылыми-ізденістік және ұйымдастырушылық-басқарушы іс-әрекеттерді жүзеге асыру үшін қажетті жалпы мәдени, кәсіби және кәсіби құзіреттерді меңгеруді көздейді. Жоғары оқу орындарының түлектерінің құзіреттілігі екі жақты сипатқа ие. Бір жағынан, олар еңбек нысандарымен және заттарымен іс-әрекет жасай алатын біліктіліктерді қамтиды, екінші жағынан, білім беру процесінің нәтижелеріне пәнаралық талаптарды бейнелейді. Жоғары оқу орындары түлектерінің тілдік және әдістемелік даярлықтары кәсіби құзіреттер құрамына кіріп, оларды заманауи ағымдарды ескере отырып, лингвоәдістемелік дайындықтың теориялық және тәжірибелік мәселелерін тереңдетуге мүмкіндік береді [25].

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеудің басты мақсаты педагогтердің ағылшын тілін үйрену бойынша жалпы кәсіби құзіреттерінің қалыптасу әдістемелерінің тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік тұрғыдан тексеруді қажет етті. Бұл міндет зерттеу бөлімінің басты мақсатын құрайды.

Эксперименттің мақсаты келесі міндеттерді шешуді талап етті:

Үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын қалыптастыруға бағытталған жалпы кәсіби құзіреттерінің тиімділігін тексеру;

Оқыту әдістемесін және жаттығулар кешенін қамтитын ағылшын тілін тиімді меңгеру процесінің дидактикалық қамтамасыздығын жасау.

Үздіксіз білім беру жағдайында педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығының жалпы кәсіби құзіреттерінің қалыптасу критерийлері мен көрсеткіштерін анықтау.

Тәжірибелік-эксперименттік оқыту болжамы келесідей: педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығы жалпы кәсіби құзіреттерінің қалыптасуы әдістемелерін қолдану арқылы олардың тиісті мамандықтарына сәйкес оқу-ғылыми материалдар негізінде өнімдер жасауда дамиды. Басқаша айтқанда, таңдап алынған әдістемелер бойынша педагогтар ағылшын тілін меңгеруге даярлықты қамтамасыз ету үшін өнімдер жасауға қабілетті болады.

Бұл болжамның шынайылығын тексеру үшін тәжірибелік-эксперименттік оқытуды ұйымдастырудың келесі шарттары қажет:

Оқытуға педагогтардың жеткілікті саны қатысуы;

Эксперименталды және бақылау топтарының статистикалық тұрғыдан шынайы ажыратылуы;

Педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығына қажетті жалпы кәсіби құзіреттердің қалыптасуы;

Тәжірибелік-эксперименттік оқытудың кезеңдеріндегі нәтижелердің үнемі тіркеліп отыруы (педагогтардың тіл меңгеру деңгейінің үнемі қадағаланып отыруы);

Алынған нәтижелерді өңдеу үшін дұрыс статистикалық әдістердің қолданылуы.

Тәжірибелік-эксперименттік оқыту барысында ағылшын тіліне арналған негізгі оқу құралдарына қосымша кәсіби және мәдениетаралық сипаттағы оқу-ғылыми мәтіндер жиынтығы пайдаланылды. Педагогтарға ұсынылған мәселелік кәсіби коммуникативті тапсырмалар және оларды шешуге арналған жаттығулар үздіксіз білім беру жүйесінің педагогтарының жалпы кәсіби құзіреттерін қалыптастыруға бағытталған әдістемелерге негізделді [26].

Педагогтардың ағылшын тілін меңгерудің бастапқы деңгейі анықталды, бұл оқу-ғылыми әдебиеттерді дұрыс таңдау үшін мүмкіндік берді (біздің жағдайда А2–В1 деңгейлері) [27].

Осылайша педагогтарға тілдік біліктіліктерінің деңгейлерін анықтау үшін оларға тест берілді. Бұл тест педагогтардың жазбаша сөйлеу, ауызша сөйлеу қабілеттерін анықтауға мүмкіндік берді. Зерттеу жүргізу барысында ағылшын тілінің практикалық сабақтарында педагогтардың тілге деген қызығушылығын маңызды критерийлердің бірі ретінде қойылған оқу міндеттерін шешудің түрлі тәсілдерін меңгеру дәрежесін атап өтеміз. Жекелеген жағдайларда, қорытынды негізінде тілдік дамуды байқау маңызды болады [28].

Жазылым дағдысы бойынша педагогтардың тілдік құралдарды білу деңгейін, грамматикалық қағидаларды түсініп қолдана алатындығын анықтауға мүмкіндік берді. Мысалы, сұраулы сөйлемге айналдыру тапсырмалары арқылы педагогтардың тілдік дағдыларын көрсету деңгейін бағалайды. «Келесі пікірлерге сұрақтар қойыңыздар. Сіздің сұрақтарыңыз шығармашылық әлеуетті көруге көмектеседі» деген тапсырма көптеген педагогтар үшін қызығушылық тудырды, себебі бұл тапсырма олардың шығармашылық қабілеттерін жүзеге асыруға бағытталды. Әсіресе тиісті грамматикалық түрде қажетті сөздерді тауып қою тапсырмалары да ұсынылды [29].

Оқу-ғылыми мәтіндер негізінде өнімдер құрай алу шеберлігін дамытуға бағытталған жалпы мәдени және кәсіби құзіреттердің қалыптасу деңгейін алдын ала диагностикалау маңызды болды [30].

Берілген деңгейді диагностикалау үшін келесі параметрлер мен көрсеткіштер қолданылды:

1. Педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге кәсіби бағдарлы, өзгетілді өнімді-бағытталған білім берудің ерекшеліктері туралы ұғым-түсініктерінің болуы/болмауы және осы өнімді құру барысында туындайтын проблемалар туралы. Бұл кезеңде көптеген педагогтар оқу-ғылыми мәтіндерден өзекті ақпаратты ала алмайтындықтарын атап өтті: «Мәтінді оқуда басты негізгі ақпаратты ерекшелеп бөліп алу қиынға соғады» (Айжан Р., магистр, аға оқытушы, 2024), «Біздерге орыс тілінен мәтіндерге аннотация жазуға үйретпегендіктен, осы тапсырманы ағылшын тілінде орындау қиынға соғуда» (Бақытжан Д., 2024);

2. Педагогтердің ағылшын тілін үйрену қарым-қатынасты жүзеге асыру үшін қажетті арнайы біліктіліктердің болуы/болмауы. Тек аз ғана педагогтер ғана (8%) шетел тілдерінде әдебиеттерді оқиды. Көптеген педагогтер (96%) ағылшын тілінен аутентификалық оқулықтармен таныс емес; 97%-ы жеке дербес оқуға арналған түрлі веб-сайттар мен Британдық ұлттық палатаның арнайы тіл үйрететін форумдары туралы ресурстарды білмейді; 76%-ы өзінің жеке сөздік қорын толықтыру үшін интернетті пайдаланбайды.

Қорытындылай келе, ағылшын тілі қазіргі таңда бакалаврларды жалпымәдени даярлауда маңызды бір құрамдас бөлікке айналып отыр.

Сауаланама нәтижелері, оқу процесін бақылау және студенттермен, педагогтармен әңгімелесулер көрсеткендей, педагогтардың жалпы кәсіби құзіреттерінің қалыптасуының мотивациялық компоненті педагогтарға өздерін жүзеге асыруға көмектеседі. Бұл компонент ең алдымен өзгелерді түсінуге бағытталған мағыналық бағдарлар мен байланыстар жиынтығы ретінде және сол тілде еркін сөйлеу, сондай-ақ белгілі бір өнімдер жасауға шығармашылық көзқараспен қарау қажеттілігінен көрінеді.

Сауаланаманың бірінші сұрағына («Ағылшын тілін меңгеруді кәсіби іс-әрекетіңіздің маңызды компоненті деп санайсыз ба?») жауап берген педагогтердің 52%-ы ағылшын тілін меңгеруге деген жағымды және дұрыс көзқарастарын білдірді. 71% сұралған педагогтер ағылшын тілін күнделікті сабақ ретінде оқитындарын айтты. 29% педагогтер ағылшын тілінде жаңа нәрселерді үйренуге тырысатындарын, сондай-ақ коммуникация бойынша серіктестерімен келісімді әрекеттер жасауға, алынған ақпаратпен бөлісуге ұмтылатындарын білдірді.

Бакалавриат студенттерінен алынған сауалнама олардың 80%-ы оқу басталарда шетел тілін оқудың маңыздылығын сезінбейтінін көрсетті. Бірінші курстағы студенттер шетел тілдерін білу олардың жеке тұлғасының маңызды компоненті екенін түсінбейді, әрі бұл тек жаңа білімдер алу ғана емес, сонымен қатар ақыл-ой процестерінің белсенділігі мен дамуын қамтамасыз ететінін байқамайды. Ағылшын тілін меңгеру барысында алынатын білімдер педагогтардың ғылыми әрі өндірістік жүйеде табысты жұмыс жасауға көмектесетін кәсіби эрудицияның негізін қалайды.

Студенттердің қарым-қатынас қажеттіліктері мен өз ойларын білдіру тәсілдеріне қатысты маңызды ақпарат та анықталды. Көптеген педагогтер (93%) қателіктер жібермеудің басты міндет екенін атап өтті, ал тек аз бөлігі (21%) ағылшын тілінде қарым-қатынас жасаудың мазмұны мен құндылығын баса көрсеткен. Педагогтердің жауаптарын талдау кезінде студенттерге ағылшын тілін меңгерту барысында қызығушылықтың төмендігін және тапсырмалардың көлемінен асып кетпеуге тырысатындарын байқадық.

Сауалнаманың нәтижелері бойынша педагогтар кәсіби іс-әрекетте ағылшын тілінің аса қажеттілігін, сондай-ақ шығармашылық шеберліктерді дамытудың маңыздылығын атап өтті. Бұл пікірлер қалыптастырушы эксперимент барысында барлық тапсырмаларды орындауда мотивацияның артқанын көрсетеді. Барлық оқытушылар оқу-ғылыми мәтіндер мен материалдарды оқуға бағытталған, 82%-ы мұны өздерінің жеке өзгетілді оқырмандық іс-әрекет өнімдерін жасау мақсатында жүзеге асырады. 78% педагогтар өнімді-бағытталған оқытудың тактикасы мен стратегиясының маңыздылығын баса айтты.

Тест тапсырмалары мен әңгімелесулер нәтижелері өнімді-бағытталған оқытуға кедергі келтіретін бірқатар сыртқы факторларды анықтады. Оларға мыналар жатады:

- Тілді жаттықтыру бағдарламаларының жетілмегендігі;
- Өзгетілді қарым-қатынастың психологиялық-лингвистикалық заңдылықтарын елемей, бұл педагогтардың өз ойларын жеткізе алмауымен байқалады;
- Ағылшын тілінде өнімді-бағытталған оқыту мазмұнына, сипаты, көлемі мен құрылымына қатысты талаптардың болмауы;
- Жаттығулардың саны мен ұйымдастыру түрлерінің өнімді-бағытталған сөйлеу тілін дамытуға көмектеспейтін мазмұндағы оқулықтар мен оқу құралдарының жетіспеуі;

- Тиісті нәтижеге жетуге мүмкіндік беретін сатылы, кадамдық әдістемелер алгоритмінің болмауы.

Бұл нәтижелер оқу процесінде өнімді-бағытталған әдістерді тиімді енгізу үшін білім беру құралдары мен әдістемелердің жетілдірілуі қажеттілігін көрсетеді.

Жоғарыда сипатталған жалпы кәсіби күзiреттердiң қалыптасуының лингводидактикалық пен психологиялық-педагогикалық негiздерi, сондай-ақ осы негiздерге сүйене отырып ұсынылған әдістемелердің тиімділігі келесі критерийлер арқылы кеңінен сипатталды:

1. Коммуникативті – кәсіби критерийлері:

Өзгетілді оқырмандық іс-әрекетінің шығармашылық өнімін жасау: педагогтардың реферат, аннотация, эссе, жарнама, мультимедиялы презентациялар секілді шығармашылық өнімдерді жасауға қабілеттілігі.

Ақпаратты тиімді пайдаланудың шеберлігі: алынған ақпаратты ауызша немесе жазбаша хабарламаға айналдыруда шеберлік таныту.

Эссе жасау шеберлігі: өтілген тақырыптар шеңберінде эссе жасау үшін кең түрдегі жоспар құру.

Қажетті мәліметті тіркеу: конспект, тезистер, жазбалар және жоспарлар түрінде маңызды ақпаратты тиімді тіркеп жазу.

2. Когнитивті критерийлері:

Аналитикалық-синтетикалық амалдарды қолдану: оқу-ғылыми мәтіндермен жұмыс кезінде аналитикалық және синтетикалық тәсілдерді пайдалану.

Кәсіби мәдениетаралық коммуникация: педагогтардың кәсіби мәдениетаралық коммуникацияның ерекшеліктері туралы білімнің болуы.

Терминологиялық сөздік қорын кеңейту: оқылатын білім бағдарламасы бойынша өзінің кәсіби терминологиялық сөздігін кеңейту қабілеттілігі.

3. Рефлексивті критерийлері:

Аутентті оқу-ғылыми мәтіндермен сыни жұмыс: шетел тіліндегі оқу-ғылыми мәтіндерді сыни тұрғыдан қабылдай білу.

Ғаламтор мен басқа қайнар көздерден алынған ақпаратты сараптау: жарнамалардағы негативті және позитивті аспектілерді бөліп көрсету шеберлігі.

Педагогикалық ақпаратты бағалау: шетелдік қайнар көздерден алынған педагогтардың кәсіби іс-әрекеті туралы ақпаратты бағалаудағы шеберлік.

4. Интегративті критерийлері:

Пәнаралық байланыстарды қолдану: кәсіби өзгетілді коммуникация процесінде пәнаралық байланыстарды тиімді пайдалану.

Метабілімдер мен әмбебап оқу іс-әрекеттерін меңгеру: жалпы білім мен оқу дағдыларын игеру.

Мәдениетаралық білім: өз елінің мәдени салт-дәстүрлері мен тіл мәдениетін зерттеу арқылы меңгерілетін тілдің елі мен жаңа инновациялар, тәсілдер мен мінез-құлық үлгілері туралы білімнің болуы.

Осы критерийлер негізінде, тәжірибелік-эксперименттік оқытудың диагностикалық кезеңі өнімді-бағытталған өзге тілді іс-әрекет жағдайында педагогтардың жалпымәдени және кәсіби күзiреттерiн қалыптастыруда тиiмдi нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз ететін авторлық әдістеменің қажеттілігін дәлелдеді.

Зерттеу жұмыстарының барысында, педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге даярлығын қалыптастыруда жоғарыда аталған әдістемелердің тиімділігі тексерілді. Бұл әдістеме ағылшын тілін меңгеру деңгейлерін сатылы түрде қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беру құралдары мен әдістерін дамытуға негізделген. Авторлық әдістеменің тиімділігі педагогтардың оқу-ғылыми мәтіндермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ кәсіби коммуникацияны дамытудың жаңа тәсілдерін енгізуді көздейді.

Зерттеу жұмыстары Шымкент қаласындағы Орталық Азия инновациялық университетінің оқытушыларының қатысуымен жүргізілді, бұл зерттеу педагогтардың ағылшын тілін меңгеруге деген даярлығын қалыптастыру үшін жаңа білім беру әдістемелерін сынақтан өткізуге мүмкіндік берді.

Қорытынды

Ғылыми зерттеулерге жасалған талдау үздіксіз көпсатылы кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесінде педагог мамандарды даярлау мәселесінің әлі де терең қарастырылуы қажеттілігін көрсетеді. Бұл мәселе педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыруда маңызды рөл атқаратын және оларды үздіксіз білім беру процесіне толық тарту үшін қажетті құзіреттерді дамытуға бағытталған күрделі және көпдеңгейлі жүйені қамтиды. Осы жүйе арқылы болашақ мұғалімдердің дайындығын басқарудың ғылыми негіздері мен оның тиімді әдістемелерін зерттеу, үздіксіз білім берудің әр сатысында педагогикалық шарттарды айқындауға бағытталған нақты тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Үздіксіз кәсіби білім беру жүйесінде педагогтардың танымдық іс-әрекеттерін біріккен-диалогты сипатта ұйымдастыру теориясы мен тәжірибесі едәуір жетілдірілді. Бұл жаңалық ағылшын тілін меңгерту процесін тиімдірек ұйымдастыруға септігін тигізді, себебі диалогтық әдіс оқушылар мен мұғалімдер арасындағы өзара іс-әрекетті нығайтып, тілдік дағдылардың дамуын жеңілдетеді. Бұл тәжірибе мұғалімдер мен студенттердің ағылшын тілін үйрену барысындағы кәсіби дайындықтарын тереңдетуге бағытталған.

Жоғары білімнің күрделілігі мен түрлі ағымдарының дамуы, сондай-ақ заманауи оқытушының кәсіби даярлығының талаптарының жаңаруы, педагогтың ағылшын тілін меңгеруге деген әдістемелік даярлығын қалыптастырудағы жаңа әдіс-тәсілдерді талап етеді. Осы жағдайлар педагогтың білім беру үдерісіндегі рөлін кеңейтіп, оның кәсіби құзіреттерін тиімді дамыту үшін әдістемелік және мазмұндық тұрғыдан күрделі талаптар қояды. Сонымен қатар, педагогтың ағылшын тілін меңгеруге арналған әдістемелік даярлығының қазіргі тәжірибесі қарама-қайшылықты сипаты, педагогикалық тәжірибеде жаңа тәсілдер мен білім беру әдістерін енгізу қажеттілігін көрсетеді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988>. 30.12.2016.
2. Ермоленко В.Л. и др. Педагогика: учебник и практикум. – М.: Юрайт, 2016. – 410 с.
3. Ибрагимов Г.И., Ибрагимова Е.М., Андрианова Т.М. Теория обучения. – М.: Владос, 2011. – 383 с.
4. Қышқашбаев Т.А. Қазақ халық аспаптық музыка арқылы бастауыш сынып оқушыларына музыкалық-эстетикалық тәрбие беру: пед. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1992. – 16 б.
5. Закирьянов К.Х., Орехов Л.И. Экспериментальные методы в педагогике, психологии и физической культуре. – Алматы: Казахская академия, 2012. – 112 с.
6. Өстеміров К., Айтбаева А. Қазіргі білім беру технологиялары. – Алматы: Мектеп, 2006. – 307б.
7. Сайлыбаев Б.А. Үздіксіз кәсіби-педагогикалық білім беру жүйесін басқарудың теориясы мен практикасы // Білім-Образование. – 2009. – №5-1(47). – Б.92-95.
8. Жарболова С.Т. Университеттік білім беру жүйесінде болашақ мұғалімдерді даярлаудың теориялық негізі // Вестник КГУ. – 2006. – №2 (27). – Б. 117-123.
9. Бондаренко Н.В. Становление в России непрерывного образования: анализ на основе результатов общероссийских опросов взрослого населения страны. Информационный бюллетень. – Москва : Национальный исследовательский университет «Высшая школа экономики», № 5 (104). 2017. – 28 с.

10. Борытко Н.М. Профессионально-педагогическая компетентность педагога. – М.:Эйдос, 2007. – 30 с.
11. Кларина М.В., Семенов И.Н. Гуманистическая тенденции в развитии в развитии непрерывного образования взрослых в России и США. – М.:ИТПиМИО РАО, 1994. – 189 с.
12. Шадриков В.Д., Кузнецова И.В. Формируем профессиональные компетенции// Справочник заместителя директора школы. – 2012. – № 7. С. 81.
13. Харченко Л.Н., Джахбаров М.А.и др. Современные тренды развития непрерывного педагогического образования.– Изд. 2-е. – М.; Берлин, 2021. – 151 с.
14. Зеер Э.Ф. Психология профессионального развития. – М.: Академия, 2006. – 240 с.
15. Андреева М.Г. Саморазвитие конкурентоспособной личности менеджера. – Казань: КГУ, 1992. – 423 с.
16. Демина Е.В. Повышение качества профессиональной подготовки учителя на основе информационно-смыслового подхода: монография. – Нижний Новгород: Изд. НГЛУ им. Н.А.Добролюбова, 2012. – 312 с.
17. Гесен С.И. Основы педагогики: введение в прикладную философию. – М.: Школа-пресс, 1995. – 447 с.
18. Токсанбаева Н.К. Танымдық іс-әрекетке кіріспе. –Бас. 2-ші. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 164 б.
19. Коменский Я.А. Великая дидактика. – М.: Просвещение, 2001. – С. 128
20. Кунанбаева С.С. Теория и практика современного иноязычного образования.– Алматы: Дом печати «Эдельвейс», 2010. – 344 с.
21. Кобдиқова Ж. У. Оқытудың педагогикалық жүйесін технологиялық негізде жетілдіру. – Алматы: Мектеп, 2005. – 181 б.
22. Мильруд Р.П. Культурное самоопределение личности как проблема иноязычного образования // Научный диалог. – 2016. – №2(50). – С. 404-415.
23. Көшімбетова С. Инновациялық технологияны білім сапасын көтеруде пайдалану мүмкіндіктері. – Алматы: Білім, 2008. – 136 б.
24. Слостенина Е.П. Педагогика профессионального образования: учеб. пос. – М.: Академия, 2004. – 368 с.
25. Каримова Г.Р. Управление инновационными процессами как один из аспектов государственной стратегии образования // Педагогикалық ізденіс. - «Өрлеу» БАҰО» АҚ филиалы «СҚО ПҚ БАИ» № 4(22). 2014. Б. 34-36 с.
26. Spatay A.O. Training of teachers in teaching English and French languages in continuing professional education //European Scientific Language Journal. – 2020.– Vol. 13. – P.334-344.
27. Попова Н.В., Никитенко О.А.Трехуровневая интегративная основа обучения иностранному языку в современном вузе// Письма в Эмиссия. Оффлайн. – 2012. – №7. – С. 1824.
28. Бердичевский А.Л., Гиниятуллин И.А., Тарева Е.Г. Методика межкультурного иноязычного образования в вузе. – М.: Флинта, 2020. – 368 с.
29. Savignon S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. – NY.: Addison-Wesley, 1983. – 322 p.
30. Rose K.,Kasper G. Pragmatics in Language Teaching. Applied Linguistics. – NY.: Cambridge University Press, 2005. – 425 p.

REFERENCES:

1. «Qazaqstan Respublikasynda bilim berudi damytudyń 2010-2021 jylдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» //https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988. 30.12.2016.
2. Ermolenko V.L. i dr. Pedagogika: uchebnik i praktikum. – М.: Ырайт, 2016. – 410 с.
3. Ыбрагимов Г.І, Ыбрагимова Е.М., Андрианова Т.М. Teoria obuchenia. – М.: Vlados, 2011. – 383 с.

4. Qyşqashaev T.A. Qazaq halyq aspattyq muzyka arqyly bastauys synyp oquşylaryna muzykalyq-estetikalyq tárбие beru: ped. ğyl. kand. ... avtoref. – Almaty, 1992. – 16 b.
5. Zakirānov K.H., Orehov L.Ī. Eksperimentālne metody v pedagogike, psihologii i fizicheskoj kulture. – Almaty: Kazahskaia akademiya, 2012. – 112 s.
6. Östemirov K., Aitbaeva A. Qazırǵı bilim beru tehnologialary. – Almaty: Mektep, 2006. – 307b.
7. Sailybaev B.A. Üzdiksiz käsibi-pedagogikalyq bilim beru júiesin basqarudyñ teoriasy men praktikasy //Bilim-Obrazovanie. – 2009. – №5-1(47). –B.92-95.
8. Jarbolova S.T. Universitettik bilim beru júiesinde bolaşaq mūǵalimderdi daiarlaudyñ teorialyq negizi//Vestnik KGU. – 2006. – №2 (27). - B. 117-123.
9. Bondarenko N.V. Stanovlenie v Rosii nepreryvnogo obrazovania: analiz na osnove rezultatov obşerossiskih oprosov vzroslogo naselenia strany. Īnformasionnyi búleten. – Moskva : Nasionālnyi issledovatel'ski universitet «Vyşsaia şkola ekonomiki», № 5 (104). 2017. – 28 s.
10. Borytko N.M. Profesionālno-pedagogicheskaia kompetentnost pedagogoga. – M.:Eidos, 2007. – 30 s.
11. Klarina M.V., Semenov Ī.N. Gumanisticheskaia tendensii v razvitii v razvitii nepreryvnogo obrazovania vzroslyh v Rosii i SŞA. – M.:ĪTPiMiO RAO, 1994. – 189 s.
12. Şadrikov V.D., Kuznesova Ī.V. Formiruem profesionālne kompetensii// Spravochnik zamestitelā direktora şkoly. – 2012. – № 7. S. 81.
13. Harchenko L.N., Jahbarov M.A.i dr. Sovremennye trendy razvitia nepreryvnogo pedagogicheskogo obrazovania.– Īzd. 2-e. – M.; Berlin, 2021. – 151 s.
14. Zeer E.F. Psihologia profesionālno razvitia. – M.: Akademia, 2006. – 240 s.
15. Andreeva M.G. Samorazvitie konkurentosposobnoi lichnosti menejera. – Kazān: KGU, 1992. – 423 s.
16. Demina E.V. Povyşenie kachestva profesionālnoi podgotovki uchitelā na osnove informasionno-smyslovogo podhoda: monografiya. – Nijni Novgorod: Īzd. NGLU im. N.A.Dobrolūbova, 2012. – 312 s.
17. Gesen S.Ī. Osnovy pedagogiki: vvedenie v prikladnuu filosofiu. – M.: Şkola-pres, 1995. – 447 s.
18. Toksanbaeva N.K. Tanymdyq is-āreketke kirispe. –Bas. 2-şı. – Almaty: Qazaq universiteti, 2020. – 164 b.
19. Komenski Īa.A. Velikaia didaktika. – M.: Prosveşenie, 2001. – S. 128
20. Kunanbaeva S.S. Teoria i praktika sovremennogo inoiazыchnogo obrazovania.– Almaty: Dom pečati «Edelveis», 2010. – 344 s.
21. Kobdiqova J. U. Oqytudyñ pedagogikalyq júiesin tehnologialyq negizde jetildiru. – Almaty: Mektep, 2005. – 181 b.
22. Milrud R.P. Kūlturnoe samoopredelenie lichnosti kak problema inoiazыchnogo obrazovania // Nauchnyi dialog. – 2016. – №2(50). – S. 404-415.
23. Kōşimbetova S. Īnnovasiyalq tehnologiany bilim sapasyn kōterude paidalanu mūmkındikteri. – Almaty: Bilim, 2008. – 136 b.
24. Slastenina E.P. Pedagogika profesionālno obrazovania: ucheb. pos. – M.: Akademia, 2004. – 368 s.
25. Karimova G.R. Upravlenie innovasionnymi prosesami kak odin iz aspektov gosudarstvennoi strategii obrazovania // Pedagogikalyq izdenis. - «Örleu» BAŪO» AQ filialy «SQO PQ BAĪ» № 4(22). 2014. B. 34-36 s.
26. Spatay A.O. Training of teachers in teaching English and French languages in continuing professional education //European Scientific Language Journal. – 2020.– Vol. 13. – P.334-344.
27. Popova N.V., Nikitenko O.A.Trehurovnevaia integrativnaia osnova obuchenia inostrannomu iazyku v sovremennom vuze// Pisma v Emisia. Offlain. – 2012. – №7. – S. 1824.
28. Berdicevski A.L., Giniatullin Ī.A., Tareva E.G. Metodika mejkūlturnogo inoiazыchnogo obrazovania v vuze. – M.: Flinta, 2020. – 368 s.

29. Savignon S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. – NY.: Addison-Wesley, 1983. – 322 p.

30. Rose K., Kasper G. Pragmatics in Language Teaching. Applied Linguistics. – NY.: Cambridge University Press, 2005. – 425 p.

РАЗВИТИЕ ОБЩЕПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ КОМПЕТЕНЦИИ ПЕДАГОГОВ НА ВЛАДЕНИЕ АНГЛИЙСКИМ ЯЗЫКОМ В НЕПРЕРЫВНОМ ОБРАЗОВАНИИ

Спатай А.О., Спатаев Б.О., Есенкулова А.Р.

*Центрально-Азийский инновационный университет, Республика Казахстан, г. Шымкент
Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,*

Республика Казахстан, г. Астана

**e-mail: spatay.aygul@mail.ru*

